

CAMPAT ҚҰСҚЕHOB



ІНҚАД ЖҮДЕК

Мааним аугарыгы
кимантарага
естемик

Ма сый бер!

20.07.2018жыл

Тугал.

Самрат Құскенов



ІҢКӘР ЖҮРЕК

Астана – 2018

ӘОЖ 821.512.122 – 1
КБЖ 84(5ҚАЗ) – 5
Қ 78

Құскенов Самрат
Қ 78 **Иңкәр Жүрек:** өлеңдер/ Самрат Құскенов. –
Астана: «Мастер ПО» ЖШС, 2018. – 148 б.

ISBN 978-601-326-204-8

Бұл кітапқа өлең әлеміне қанат қаққан жас ақын Самрат Дулатұлының жүреужарды өлеңдері топтастырылған. Айналасындағы, қоғамдағы болып жатқан әртүрлі жағдайды көңілімне сезіп, жүрегінен өткізіп барып қағаз бетіне түсірген жас таланттың жырлары оқыған адамды бей-жәй қалдырмайды деп ойлаймыз.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122 – 1
КБЖ 84(5ҚАЗ) – 5

ISBN 978-601-326-204-8

© Құскенов Самрат, 2018



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Қар етегі сөгіліп көктем келді,
Сұрағанды Құдайым көктем берді.
Бақыт нұрын жаудырып төбемізден,
Ортамызға Әз-Наурыз жетіп келді.

Ырыс-бақты бұқтырып қазан-ошақ,
Мерекесін жасайды бүкіл одақ.
Ешкімге де төр үйден шам ілгізбей,
Көк аспаннан ілінді кемпірқосақ.

Бүгін міне төрт түлік төлдейтін күн,
Бүр жарғызып бәйшешек көктейтін күн.
Химикаты аралас зат қолданбай,
Табиғи тағамдарды өңдейтін күн.

Бүгін міне күн мен түн теңеседі,
Кемел болып әр жанның келешегі.
Қазағымның басына бақ қонады,
Басқалармен тең болып терезесі.

Ақша қарын ергізбей аяз ата,
Құт әкелген бәріне Қыдыр ата.
Кәмпит бермей, жолдаса ақ тілегін.
Таусылмайтын бақ болар берген бата.

Бүгін барың төгіліп шашылмайды,
Дұрыс жолдан жастар да жаңылмайды.
Шошалаңда қысқы ет сүрленсе де,
Босағаңда отшашу атылмайды.





Басталған әрбір ісің сәтті болсын,
Дендерің сау боп, қыстай қатты болсын.
Он екі айдың ханы Наурыз келді,
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын.

ҚҰДАЙДЫҢ АМАНАТЫ

Көлде жүзіп өскенмін сәуле қуып,
Өзенге де бетімді келдім жуып.
Теңіздің де толқынын жүрек тындап,
Бойда тулап жатпайды өлең туып.

Көрсетемін сөзімнің парасатын.
Шөл қандырса өлеңнен жамағатым.
Қиянат жасағаным, жыр жазбасам,
Жеткізбеген Құдайдың аманатын.

112

Келер күннің ауа райын болжаған,
Алдын ала елдің қамын ойлаған.
Табиғаттан тосын мінез көрінсе,
Әрбір жанға хабарлама жолдаған.

Жүз он екі қасиетің бар қандай?!
Ұшқыр ойың көкжиекте жатқандай.
Ертеңді бес саусағыңдай білесің,
Бар әлемді жалпағынан басқандай.





Жүз он екі дүние жүзін шарлаған,
Әрбір ісін ел бағына арнаған.
Көптің ұялы телефоны шикылдап,
Жазғаныннан тіршілік те шаршаған.

Жұрт көрсін деп көп деректі арнаған.
Терін төгіп жердін бетін шарлаған.
Ел үрейін күшейтуге емес бұл,
Сак болсын деп берген телеарнадан.

Жүз он екі қоғам үшін пайдалы,
Болатұғын адамзаттың айдары.
Ауа райы не болады?! Білеміз,
Тірі жанға тиіп жатыр пайдасы.

Әлеуметтің әлеуетін қозғайтын,
Ел мүддесін, адам құқын қорғайтын.
Өз қоғамын көрсетсе де кеңінен,
Саясатта еш шаруасы болмайтын.

Іс жүзінде орындатқан ел сөзін,
Билікке де өткізетін әр сөзін.
Халқымыздың әл-ауқатын жақсартқан.
Жүз он екі риза болам мен өзім.





ІШКІ ЖАН-ДҮНИЕМДІ АҚПЕН БОЯ

Біреуді табалауға жаным құштар,
Біреуді көре алмайтын ішім де тар.
Білмеймін, соңғы кезде не болғанын,
Байқасаң, ниетімде бір сұмдық бар.

Үлкенді сыйлайтыным көрінбейді,
Жүрек те бұл ісіме өкінбейді.
Бәрін де дұшпан қылған қайран көніл,
Ешкімнен көмек сұрап өтінбейді.

Қадірін жоғалтуда қасиетім,
Дарын деп бүкіл халық бас иетін.
Ештеңе ойламайтын хайуан болдым,
Қара ниет болғандай ақ ниетім.

Үйлену керек шығар бәлкім маған,
Баяғыдай сезім де жоқ жалындаған.
Түсіне алмай келем өз-өзімді,
Арман да менен кетіп алыстаған.

Жан болдым, жамандықты ұлықтайтын.
Жақсыны ішке тығып құлыптайтын.
Бағымның жанғаны ғой жар кезіксе.
Адам қып қаңғыбасты дұрыстайтын.

Айналысар түгім жоқ өмір алда.
Баспай жүр не себепті ісім алға?!
Ішкі жан дүниемді ақпен бояп,
Құлыңа нурыңды шаш жар боп. Алла.





ҚАРА НИЕТ

Бірлік кетіп, мәні жоқ болған заман,
Данасы жоқ шаласы толған заман.
Әрқашанда саңлағы дәл келетін,
Ақ ниеті жоқ адам қандай жаман?!

Қызғаншақтық-өзіңді өлтіреді,
Көре алмау-шамыңды сөндіреді.
«Мүлде жолың болмасын.»-деген сөзің,
Қара ниет екеніңді көрсетеді.

Ұмтылғаным емес пе жүгіргенім?!
Жақсы шығар жүріп кеп сүрінгенім.
Арам пиғыл көрсеткен іші тарлар,
Өздеріңе бар менің түкіргенім.

Қисық ағаш түзеліп, тік болмайды,
Қара киім жуганмен ақ болмайды,
Сол тәрізді бойдағы қара ниет,
Қанша тәрбие алса да түк болмайды.

Сәтсіз болып құламас дәрежеміз,
Шешіледі бәрібір мәселеміз.
Қара ниет болу да тума талант,
Сай келмейтін өзіңе бәсекеміз.





САМРАТТЫҢ ЖЫРЫ

Халықтың мұңын қозғаған, жүректің қылын
шерткен жыр,
Ел болашағын болжаған ішкі жан дүнием
жазған жыр.
Рухани байлық тасыған, мәдени мұра тұнып тұр,
Ұнатқан қалың бұқара, ой толғап Самрат
төккен жыр.
Ықылас қойып оқындар, жан сырын ашып
ұғындар,
Махаббат, қоғам, саясат, достықтан туып
жатқан жыр.

Қазақтың бағын асқақтап жазатын сезім
жырларын.
Үш жұртын әр кез түгендеп өткізген өлең
жылдарын.
Ұлылар туған өлкенің мерейін үстем қылатын,
Атамның жолын қуғанмын ашқызып өмір
сырларын.

Әкеге жете туған ұл мен едім елге шын дарын,
Ағаға қарап өсетін інімін жүрген еркелеп,
Ұлым да кезі келгенде өз әкесін пір тұтатын,
Тақымын қысып ел отыр бәйгеге қосқан
тұлпарын.

Қарапайым ел баптаған, талантты халқым
сыйландар,
Жүректің түпкі үні ғой, жүрекпен жырын
тыңдандар.





Сұңқар ем шашып жем жейтін, оянып шабыт
толғанса.
Жаралы жанды емдейтін өлеңді оқып тыңбандар.
Шынайы сезім тулайды сүйген қызыма жыр
арнап,
Соны да қане, ағайын мәнерлеп оқып
жырландар.

Дулаттан туған үш ұлмыз, үш жүздің қамын
ойлаған,
Орта жүз едік би болса айтқанын көбі қолдаған.
Қара басының қамынан ел бағын артық көретін,
Өтірік сөзге ермейтін шындық деп сайрап
қоймаған,
Керейден тамыр алғанбыз, тусақ та Уактың
қызынан,
Ел тағдырымен біз емес шенеунік құсап ойнаған.

АЛАШ АРЫСТАРЫНА-ТАҒЗЫМ

Шабыттанып ойдың түбін қазамын,
Жеткізейін жүрегімнің наз әнін.
Ата-бабам армандаған, аңсаған,
Азаттықтың жырын бүгін жазамын.

Болашаққа қанаттанып самғасам,
Ұл боп елдің шежіресін жалғасам.
Тектімін деп кеуде қағам несіне,
Өткен күнге көз жүгіртіп алмасам.





Кетсем елдің тарихына із салып,
«Оян, қазақ» деп жырлаған Міржақып.
Уақытында қоя тұрған ұйқысын,
Қазағыма қонған жоқ па бір бақыт?!

Жоғалтпаған ұлтқа деген сезімін,
Ақтай білген өз жұртының сенімін.
«Жан сөзімен» жан айғайын жеткізген,
Ұлықтайық Ұлы Мағжан есімін.

Тәлім-тәрбие, құлақ түрсең сөзіне,
Жете білген сана-ойдың төріне.
Сұлтанмахмұт жастайынан көз жұмды,
Өзі өлсе де, күн боп шыққан көгіме.

Ақылымен азаттықты алдырған,
Ақиқатқа жасқанбай із салдырған.
Қырық екі әріп бізді оқытқан,
Ахмет бабам мұра қылып қалдырған.

Арыстарым құрбан болған елім деп,
Қазақ халқы-менің шыққан тегім деп.
Тарих тұнған ғұмырнама оқысам,
Мен кетемін өздеріңе еліктеп.

Ата-бабам бостандықты көрмеген,
Ұлттық сана руханияттан шөлдеген.
Алаш орда салып кеткен сара жол,
Нұрлы жол боп болашаққа өрлеген.





ТЕРБЕЙІН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАЛ БЕСІГІН

Шын жүректен жазылса өмір дастан,
Адамзатқа қонады ақыл жастан.
Аңсап өткен Алаштың алыптары,
Еркіндіктің сағаты соғылмастан.

Жігерімді ақ үміт қамшылайды,
Тұла бойға сіңірген таң шырайды.
Еске түссе Желтоқсан оқиғасы,
Өр таң сайын жүрегім қан жылайды.

Тарих білмеу-сананы басқан тұман,
Білу қажет өткенін әрбір ұлан.
Қазақ халқын Колбинге мойындатқан,
Ұмытылмас Сафуан, Мұхтар, Жұбан.

Енді, міне орнады Тәуелсіздік,
Даму, өсу, өркендеу жолын білдік.
Саликалы саясаттың арқасында,
Талай-талай шыңдарға көтерілдік.

Жылдан-жылға өркендеп Қазақстаным,
Арай шашып тұрады атқан таңым.
Ақиқатқа айналып ақ арманым,
Елдің бағы болып тұр Нұрсұлтаным.

Ел аралап серілік құрып жүрем,
Өз жұртымның бақ құсы болып жүрем.
Риза болып Аллаға мадақ айтам,
Бейбітшілік заманда өмір сүрем.





Сырға толы тарихым тұнып тұр ғой,
Алла нұрын кеудеме құйып тұр ғой.
Қой үстінде бозторғай жұмыртқалап,
Елдің айын оңынан туып тұр ғой.

Сақталғанда бабамның аманаты,
Шыға қоймас Самраттың жаман аты.
Тербейін Тәуелсіздік тал бесігін,
Мен, өйткені бұл елдің азаматы.

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ БОЛУ ҮШІН

«Нағыз қазақ болу үшін нені істеу керек,»- деп,
Көкіректе сұрақ тұрса, жауап берем елеңдеп.

Нағыз қазақ болу үшін сақта дәстүр-салтыңды,
Өлгеніңше қастерлеп өт бағың болған халқыңды.

Нағыз қазақ болу үшін бөліп-жарма руыңды,
Қазақ Елін мақтан тұтып желбірет, көк туыңды.

Нағыз қазақ болу үшін кісілікті ұмытпа,
Көкбөрінің ұрпағысын, тектілікті ұлықта.

Нағыз қазақ болу үшін ең алдымен ар сақта.
Туған жердің топырағын киелім деп ардақта.

Нағыз қазақ болу үшін бармақтай бақты бағала,
Өнерсүйер қауым болса ықыласын панала.





Нағыз қазақ болу үшін бірлік болсын ұраның,
Қор болмасын ешқашан да қасиетті Құраның.

Нағыз қазақ болу үшін махаббатқа адал бол,
Жүрегі жоқ залымдарға бұзылмайтын қамал бол.

Нағыз қазақ болу үшін байлық тұнсын малыңда.
Ойна асау құлағыңда, жанған оттай жалыңда.

Нағыз қазақ болу үшін әр қазақты дос деп біл,
Отыратын жеріңді де әрқашан да төр деп біл.

Нағыз қазақ болу үшін құмар болма мақтауға,
Жерұйықты іздеп шықсаң жол тартқан жөн
Ақтауға.

Нағыз қазақ болу үшін Түркістанға барып тұр,
Бір Құдайға құлшылық ет, жүрегіңе тұнсын нұр.

Нағыз қазақ болу үшін даналықты тыңдап жүр,
Қазақ хандық құрған жер деп Таразыңды
жырлап жүр.

Нағыз қазақ болу үшін ішінде болсын қанағат,
Қызылжарда сақталып тұр бізге қалған аманат.

Нағыз қазақ болу үшін пір тұтасың Абайды,
Қарт Семейдің тарихына ғашық қып қой
талайды.

Нағыз қазақ болу үшін Алматыға ғашық бол,
Алатаудың баурайында сыр ашуға асық бол.





Нағыз қазақ болу үшін Астананы қастерле,
Жас қала деп кемшілігін ешқашан да ескерме.

Нағыз қазақ болу үшін домбыраны тарта біл,
Бағдар жасап болашаққа үмітінді арта біл.

СОЛТҮСТІКТЕ ҚАЗАҚ ЖОҚ ДЕГЕНДЕРГЕ

«Солтүстік орыстанып кеткен өңір,
Бұл жақта қазақ бар ма?»-деп айтпаңыз.
Теріскей өңір тапқан ұлыларды,
Тарихтың әрбір бетін саралаңыз.
«Елім-ай» деп зарлаған заманында,
Қожаберген жырауды бағалаңыз.
Сегіз сері, Шал ақын, Нияз сері,
Айтыста дарабоз боп шапқан абыз.
Жастарға сенім артқан Әбілмағжан,
Пір тұтып өлеңдерін паналаңыз.
Сәбит, Ғабит, Смағұл, Ғалымдардың,
Өсіп-өнген ордасына мін тақпаңыз.
Айтыстың ақтаңгері Игібайлар,
Бұларды білмей жатып сын айтпаңыз.
Колбинге қарсы шыққан Сафуан бар,
Мәнгүрт деп солтүстікке мұң айтпаңыз.
Ермек, Еслям, Кәкімбек, Жарасқандар,
Есімін білмесеңіз, таң қалмаңыз.
Зерттеген Қазақстанның рәміздерін,
Ербол да ұмытылмас жан ағаңыз,
Айтыста шаба білген Ерік ағам,
Көгімде қалықтаған шағалаңыз.





Желтоқсанда алаңға шыққан Нұржан
Қалиасқаров, деп көзге жас алмаңыз.
Естиін дегеніңіз осы болса,
Елімді қопарайын жалықпаңыз.
Біз едік қорған болған Қазақстанға,
Ресеймен шектелген соң шекараңыз.
Абылай хан ту тіккен құзар шың ғой,
Ұлылар туған өлке деп қараңыз.
Көк теңіздің түбінен қопарайын,
Тарихты әрі қарай тыңдасаңыз.
Малдыбай, Бақыт, Қосыл, Болат бар ғой,
Әдебиет әлеміне сыр ашсаңыз.
Жарасбай мен Жақсыбай, Зейнолла бар.
Қыл қалам, ақ қағазбен із салсаңыз.
Өмір. Токтар. Бүркітбай ағаларым,
Биіктерден көрініп шарықтаңыз,
Аяған - сахнаның майталманы,
Біздің жақты театр деп сынасаңыз.
Қажымұқан бабамның ізін қуған,
Жақиянов Жанат аға - нар тұлғаңыз,
Ақан сері желдірткен Құлагерміз,
Ыбырай үкілеген дәмбырамыз,
Атының кесірінен екі ортада,
Петр мен Павл болып шет қаламыз,
Қызылжар болып кашан өзгереміз,
Бұған да сыр ашылмай шет қаламыз.
«Солтүстікте қазақ жоқ» дегенше бір,
Жөн болар өткен күнге қарасаңыз.
Тектіден туған ұрпақ біз өлмейміз,
Тарихын оқып шықса бәрі аңыз.





КАСПИЙДІҢ ЖАҒАСЫНДА

Толқын соғып жан сырың ашылғандай,
Толқын қуып жырларың жазылғандай.
Серуендесең Каспийдің жағасында,
Шаршағаның сол сәтте басылғандай.

Суы болса аспанмен жүздеседі,
Бара қалсаң алдыңнан жел еседі.
Түпсіз терең теңіздің тұңғиығы,
Ішкі жан дүниеңмен тілдеседі.

Каспийді көзбен көріп көңілім тоқ,
Толқыннан қалыс қалмай жүрегім соқ.
Картада алақандай көрінсе де,
Қасына барып көрсең шеті де жоқ.

Табиғат та тым-тырыс үнсіз қалды,
Толқыны да билегіп шыбық талды.
Оң қолыма бір уыс құмын алып,
Арқам қозып шабыттың ізін салды.

Әкелсем солтүстік бәп аязымды,
Кім көрсін қос қанатты жаярымды?!
Қонақ деп көрсеттің бе сый-құрметті?!
Толқының сипап өтті аяғымды.

Каспий-ай, жүзің қандай мейірімді?!
Өзіңнен тапқандаймын серігімді.
Жел сокса суың шайып кетер дедім.
Құмыңа жазғым келген есімімді.





Дарыныңа қастандық қой талантыңа
жараспайтын жасандылық,
Шымырланып, шыңдаласың көрінгенде әр ісінде
табандылық.
Бойыңдағы құдіретті тұншықтырмай, талпын,
ұмтыл, биікке өрле,
Ақын болсаң, жүрегіңнің үнін тындап,
сөзін сөйле,

Қорықпаймын, жырларыма өз бағасын жұрт
бәрібір береді ғой,
Өсиетке жарайтынын әрбір сөзін талдап тұрып
тереді ғой.
Өскен сайын арта түсті ел сүйетін ақиқатқа
жақындығым,
Демек, бұл да-менің мазамды ала берген
ақындығым.

ӨЛЕҢ, ҚАРА СӨЗДЕРІМ КІМГЕ КЕРЕК

Иә, білемін бүкіл ел менен безді,
Қолдау іздеп өлеңім әлем кезді.
Бірақ, менің жұлдызды сәтім келер,
Үмітімді үзбеген жүрек сезді.

Жоқ, сөнбеймін! Шабытым жалындайды,
Жырлай кетсе ешкімге бағынбайды.
Жұрт ұйықтаса, мен ояумын түн ортасы,
Көкіректе ойларым қағынбайды.





Ақ қағазды шималап жаза берем,
Ойдың түбін толғанып қаза берем.
Қаламның да сиясы таусылса да,
Шабыт сөзін жүреппен жаза берем.

Әлі күнге қанатым жайылмаған,
Бақытымның есігі ашылмаған.
Бір ел болар өз сыйын дайындаған,
Жырдың нұры әйтпесе шашылмаған.

Ғашық болдым поэзияға жүрегім деп,
Сені ғана өлгенше сүйемін деп.
Өлең туса оянады інкәрлігім,
Муза-тірек құламай жүремін деп.

Түс көрсем де, түсте де өлең көрем,
Төрт жол сөйлем сондағы менін төрем.
Жыр жазбасам, тағдырға қалай төзем?!
Демек, өзім ақынмын кімнен көрем?!

Елге қарап жүрегім алаңдайды,
Іші тарлар сыртымнан жамандайды.
Өлең, қара сөздерім кімге керек?!
Анқау жаным күн сайын арандайды.

АҚЫН ЕМЕСПІН

Шабыттанып жатқан соң тұла бойым,
Жарияланып кетеді келген ойым.
Өзім ақын емеспін арқасы бар,
Биік шыңға ұмтылған аққу мойын.





Жырласам да мұнымды кім тыңдаған?!
Өмірден де ел бағы артық маған.
Өлең жазу оңай боп көрінсе де,
Ақын болу тым қиын жұрт сыйлаған.

Ақынсың деп біреулер ардақтайды,
Бірақ, мұңшыл жүрегім жалтақтайды.
Өзімшіл боп мақтауға шөлдеп жүрсем,
Үмітімді қалайша ел ақтайды?!

Мен бе ақын боп жүрген жалындаған?!
Билік түгел жүрекке бағынбаған.
Мұсылманмын, сыйынар пірім Алла,
Лауазымға ешқашан табынбаған.

Жалпы ақын емеспін рас айтамын,
Өз жұртыма еркелеп наз айтамын.
Ұйқас, бунак, буын не?! Түсінбеймін!
Шималаудан жасымды ұлғайтамын.

Толғанса да жүректен ақын жаны,
Көңіл деген теңіздің тасынғаны.
Қалам, қағаз қолына келе қалса,
Өткен шақты бүгіннің сағынғаны.

Сондықтан жазам өмір өткелдерін,
Халқыма сіңсе болды төккен терім.
Аңыз ақын емеспін, дарыным жоқ,
Ал, бірақ та жырламау өлген жерім.





Елім мені ақын деп мойындама,
Көп қиялдап кеткенмін сыр тындама.
Ақын болса, той-думан жағалайды,
Бірақ, нағыз ақындар ауылда ма?!

ШАБЫТҚА

Түнде ұйқы бермейсің ешқашанда,
Бір ой әкеп бересің әрқашанда.
Қүдіретін өзім де түсінбеймін,
Сұрай берді себебін ел қашанда.

Екі көзім төрт болды ойлай беріп,
Басқанын да уайымын бойлай беріп.
Шабыт мені не қылдың түн ұйықтатпай?!
Мынау қоғам шаршады тойлай беріп.

Ойсыз жүрген күндерді сағынамын,
Бірақ сөзден бұлақ боп ағыламын.
Басымды иіп озіңе бағынамын,
Өлең туса шырақ боп жағыламын.

Мұқаң да дәл осылай отырды ма?!
Төкең де дәл осылай отырды ма?!
Болған соң ақындардың бәрі бірдей,
Самкөнай бір бұрышқа отырды ма?!

Түн ауған шақ, толғанып әлі тұрмын,
Жүрегімнің айтқанын жазып тұрмын.
Амал қанша қоршаған ортам ұқпас,
Айналама жексұрын болып тұрмын.





Ой толғанса мені де қақсатады,
Мамық жастық, ақ көрпе аңсатады.
Шабыт енді сонымен қоштасайық,
Ұйықтасам да сәлден соң таң атады.

* * *

Өсек қылса биік шыңға мінгенім,
Жақсылардың тізіміне кіргенім.
Өсек айту-еріккеннің ермегі,
Сөзге құлақ аспау керек білгенім.

Ел аузында жүрсем, жұлдыз болғаным,
Жыр арқылы ай нұрына толғаным.
Естіледі таныс түгел туыстың
Өсегінің кейіпкері болғаным.

Күн туа ма құтылатын зорлықтан?!
Аумаймын ба ін қазатын борсықтан?!
Өсек деген жұрттың жапқан жаласы,
Ел сөзінен қорықпаймын сондықтан.

Ел не дейді? Бұл сөз сені өлтірмек,
Лаулап тұрған отынды да сөндірмек.
Жүрегімнің қалағанын жасаймын
Қаңқу сөздер қара бұлтты төндірмек.

Ғайбат сөзге күйген жаным салқында,
Өрлеу, өсу ұлттың дәстүр-салтында.
Көре алмаса жамандайды адамдар,
Болғаным ба сонда елдің алдында.





Бетбақтардан ет-жүрегім жылады,
Мүмкін содан менің сағым сынады.
Бірақ, одан бейбақ болып қалмаспын,
Өсектесін, өсек несін қылады?!

Елдің айтқан әңгімесі бос өсек,
Жалқауларға дайындалған қыстөсек.
Тек мықтылар көрпе болып жамылған.
Қандай пайда әкеледі құр өсек?!

Әлі талай жүрек жырын жазамын,
Жырым барда ойдың түбін қазамын.
Іші тар ел не десе де о десін,
Ең бастысы, Алла алдында тазамын.

ҚОҒАМҒА ҚАРАП КЕЛГЕН ОЙ

Ақырындап көбейеді надандар,
Көзбен емес жүрекпенен қараңдар.
Құдасынан ұят деп отқа түссе де,
Құдайынан қорықпайды адамдар.

Әкелер бар айтса да шылым зиянын,
Сол темекі үшін жанын қиятын.
Ағалар көп арақ ішпе десе де,
Бөтелкемен айтып жүрген қиялын.

Аналар бар сөз тасыма деп жүрген,
Бірақ өзі өсек айтып сан күлген.





Әпкелер бар жігіттерге өлме деп,
Өз көйлегін етегінен бір түрген.

Аталар бар ақылы жоқ беретін,
Қарта ойнап, ғайбат сөзге еретін.
Әжелер бар қартайғысы келмеген,
Косметика саймандарын теретін.

Біреулер бар ата-анасын сыйламас,
Біреулер бар аталы сөз тыңдамас.
Қатынының айтқанынан шыға алмай,
Ер көбейді елдің жайын жырламас.

Өзге тілді көрсек ана тіліндей,
Шет елдерді көремін өз елімдей.
Қажет қылмай туған тілді, Отанды,
Құлдық сана күшейеді білінбей.

Ғаламторда жұлдыз болған кәрі-жас,
Салт-дәстүрін елемейді, сөзім рас.
Ақыл айту керегі жоқ адамға,
Бізге қарап өссе, іні, қарындас.

Білеміз бе ойдың сөзге жетерін,
Сөз керек жоқ, істің қажет етерін.
«Ұясында не көреді балапан,
Ұшқанында соны іліп кетерін.»





МАҢҒЫСТАУДЫҢ ПЕРЗЕНТІ

(Әбіш Кекілбайға)

Кекілбайдың баласы-ел данасы,
Сенсіз тар ғой қазақтың кең даласы.
Сараласақ жазылған әр еңбегің,
Шеберліктің салдырған мұнарасы.

Алла нұры кеудеңе құйылғандай,
Бір өзіңнен бар әлем ұтылғандай.
Патшамыз да кеңесші қылып қойған,
Әр сөзіңнен даналық құрылғандай.

Өзің едің халықтың мақтанышы,
Атың Әбіш жайылған ел аңызы.
Біздің қазақ абызын қастерлеген,
Басқа келіп қонғандай құс бақыты.

Халық риза өз елін сүйген ұлға,
Жар болмай ма сыйынсақ Алла құлға?!
Қазақстанның тарихын ақтарғанда,
Әбіш едің тұғыры биік тұлға.

Елім сенің бағанды біліп жүрген,
Ақтарғанда тарихын жылап күлген.
Әдебиет әлемінде данышпансың,
Инжу-маржан сөздермен ойын сүзген.

Билікке де елім деп араластың,
Бейжай қарап отырмай жағаластың.
Нәтижесі тәубелі күн туып тұр,
Көк туымыз желбіреп қырдан астық.





Қадірінді жоғалтпау парыз болды,
Әр қадамың біз үшін аңыз болды.
Алты Алашым ардақтап қастерлеген,
Маңғыстаудың перзенті аңыз болды.

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТӨРІНЕ БАРЫП ҚАЙТТЫМ

Неткен сұлу табиғат, сайын дала?!
Мақтай бергің келеді жағың тала.
Тіпті, өлең арнауға ұялып тұрмын,
Ісім түгел, айтылған сөзім шала.

Көрінсем де өнердің додасында,
Сөйлесем де эфирдің жобасында.
Жолда қалды бір құпиям ашылмаған,
Алғаш жүрем деп таудың жотасында.

Таусылмайды менің де армандауым,
Дұрыс болмас жүрекпен сырласпауым.
Бекет атам жатқан жер болғандықтан,
Әр қазаққа ыстықсың Маңғыстауым.

Айналдың ғой ақынның ғашығына,
Тарихымның қадалған қазығына.
Тулап жатыр бойымда құштарлығым,
Ау құрам деп Каспийдің балығына.

Ағылып кеп өлеңнің бұлағынан,
Орын тебем өмірдің тұрағынан.
Шұбатынан шөлімді қандырам да,
Көрінермін шабыттың құшағынан.





Не құдірет жатыр-ау, қырларында?!
Кез болатын аңыздың сырларында.
Іңкәрім бол, сағымды сындырмайтын,
Жол іздесем тағдырдың жырларында.

Төсінде өрілгендей сөз өрнегі,
Гуілдеп көңілденер ел көштегі.
Ажарлы мекен болып қалыптасқан,
Маңғыстау-Қазақстанның бір бөлшегі.

Сапар шегіп жүректің сазын айттым,
Не болса да ойымды қазып айттым?!
Көрген ғашық, көрмеген арман қылған,
Маңғыстаудың төріне барып қайттым.

СӘЛЕМДЕСІП ЖҮРЕЙІК

Ассалаумағелейкүм сөздің басы,
Уағелейкүмассалам сөз жалғасы.
Бірліктің мықты болса іргетасы,
Үзілмес елдің қарым-қатынасы.

Сәлемнен сараңдық та байқалады,
Сәлемсіз шаңырағың шайқалады.
Хал сұрау - Пайғамбардың сүннеті ғой
Сәлеммен кісілігің байқалады.

Сәлемдесіп жүрейік жамағатым,
Сақтай білген өзінің қанағатын.
Сәлемдеспеу-шайтанның белгісіндей,
Қызғанатын өзгенің шапағатын.





Сәлем берсең түспейді абыройың,
Бөленеді рахатқа тұла бойың.
Сәлем алсаң бақытқа кеңелесің.
Қанат жайса қияға ішкі ойың.

Сәлем беріп-алысу мол сауап қой,
Өмір қысқа оны да бір қарап қой.
Қол беруге ерініп жататындар
Ар-ұяттан жұрдай болған бишара ғой.

Сәлемдесу-сыйластық даралығы,
Сәлемдеспеу- сананың шалалығы.
Қолың қисық болса да сәлем түзу
Болсын деген халықтың даналығы.

Амандық сұрастырған піріміз де,
Біріміз сәлем берсек бірімізге.
Кішірейіп қалмаймыз хал сұрасақ,
Сәлемдесіп жүрейік тірімізде.

ТҮСІНЕ БІЛУ ҚАЖЕТ

Қателеспей тұрмайды пенде деген,
Пайда тауып өзінше елендеген.
Түсіне біл, қателік жібергенді,
Қайталанып тұрмай ма өмір деген?!

Өсек - үсті-үстіне қосқан пәле,
Орындалмай қалғандай берген уәде.
Түсіністік-өмірде тән рахаты
Баланың санасына құйған әке.





Менің бүгін қоғамнан күйінгенім,
Көзбен көрдім халықтың бүлінгенін.
Іші тарға жақсы боп сүрінгенім.
Жақынымның көрмедім түсінгенін.

Әуре болма, ұқпаса түсіндіріп,
Түсінгісі келмесе түсінбейді.
Бәлкім сені жіберер сүріндіріп,
Мүмкін, жақсы жағыңа жүгінбейді.
Даттау, мақтау-өмірдің сынақтары,
Кісіліктің жандырған шырақтары.
Екеуін ажыратып түсіністік,
Жауапсыз қалмас тағдыр сұрақтары.

Бақытты болғың келсе ұғынарсың,
Жаныңды мейіріммен ұсынарсың.
Түсіне білу қажет адамзатқа,
Азаптан сонда ғана құтыларсың.

КЕШІРУДІ ҮЙРЕНЕЙІН

Өз басым тойып алып секірмеймін,
Қолымда бағым бар деп есірмеймін.
Талай рет адамдарды ренжітсем де,
Басқаның қателігін кешірмеймін.

Жоғымды бардай қылып лепірмеймін.
Алданып бос мақтауға семірмеймін.
Алла да сыйынғанды кешірмей ме?!
Білмедім, сонша кіммін?! Кешірмеймін.





Ашуды ақылға сап тырыспаймын,
Тіземді бүкпеймін деп кеуде қағам.
Мұрнымды шүйілтіп ап тыныстаймын.
Жан едім ешкімге бет қаратпаған.

Өмірді жұмбақ қылып түсінбедім.
Сын айтса, сағым сынып сүрінбедім.
Сұрамай ешкімнен де кешірімді,
Бұныма ешқашан да күйінбедім.

Тілімді ақ ниетпен сөйлетейін,
Ойымды маржан сөзбен өрлетейін.
Тағдырдан кешіруді үйренейін.
Уақыт бер өз-өзімді көрсетейін.

Үйренсем, тұруды да, құлауды да,
Қоршаған айналама ұнауды да.
Сүйдіртіп жібітіп бер тас жүректі,
Қыз үйретер кешірім сұрауды да.

ҚЫС ҚАҒАРЫ

Қалай суық?! Сарышұнақ аяз қарып жібереді
бетімді,
Тау-тегіс қар жаудырмаған қаһарлы қыс
шығарды ғой есімді.
Бораны да соғылмады, терісінен шығып алды
желі де,
Шүберекке жанын түйіп отырғызды қойдай
момын елімді.





Кызылжардың ызғарына тоңып, жаурап шыдай
алмай келемін,
Тұмаулатып ауырам да маңымдағы адамдардан
беземін.
Көзге түссе көк экранда болжам қылған ауа райы
тізбегі,
Бос қиялдың етегімен жылы жақ деп
Маңғыстауға кетемін.

БІР АҚЫН ҚЫЗҒА

Ақын болу қандай қиын, өлең жазса, жазбаса да
мұң-қайғы,
Бос қиялдап отырғанда ойын ешкім түсінбейді,
ұқпайды.
Араңдауға қастандық та жасап жүрген жүрегі
жоқ адамдар,
Өлең жазған парақтың да, қаламның да құнына
еш тұрмайды.

Ленталарға бейнеміз бен үн таспамыз әр сайыста
жазылар,
Бүкіл сыннан өткеннен соң біздерге де бақ есігі
ашылар.
Құрмет көрмей, сыйлық алмай көз жұмсақ та,
ұлылардай тіріліп,
Ел іздеген жырларымыз мұрағаттың қақ төрінен
табылар.

Арманымыз орындалар, сәттілікпен аяқталып
бүкіл іс,





Аяң басып келе жатыр бізді елге керек қылар
күніміз.
Бұл жалғанда ақындардың бәрі жалғыз
болғанымен қарағым,
Бір кітаптың беттерінде бірге болып жазылады
үніміз.

Мұқағали Фариза деп сыр ақтарып жарылса да
ағынан,
Әй, ақын қыз есімінді жұмбақ қылып мынау
елден жасырам.
Атыраудан шықпасаң да Ақтөбенің ақын қызы
боласың.
Мен де шіркін Алматылық болмасам да,
Қызылжар боп танылам.

Екеуіміз де бір арманды асқақтаймыз,
ұлықтаймыз әрқашан,
Бірақ, біздің өлеңдегі ойымызды керек қылар ел
қашан?!

Поэзия мен муза деген жүректері нәзік болған
ақынбыз.
Сол себепті қорласа да ата-жұртты даттамайық
ешқашан.

ҮЛГІ БОЛ

Шын ғашық болашаққа бал ашады,
Пәк сезім адал жанға сақталады.
Ұнайды, маған сенің қырсыққаның,
Қырсығу-қызға ғана жарасады.





Үлгі бол, қарапайым мінезіңмен,
Үлгі бол, құм болмайтын жігеріңмен.
Қазақы тәрбиенмен шарықтайсың,
Мұратқа жетесің ақ тілегіңмен.

Үлгі бол, ашылмаған сыр сандығың,
Жойғызған адамзаттың іштарлығын.
Өзіңсің асхананың ханшайымы,
Үлгі бол, нұрын шашып аспаздығың

Үлгі бол, өнегелі әрбір ісің,
Үлгі бол, гибратты жол салған ізің.
Ибалы, инабатты, иман жүзді,
Руханиятқа тұнып тұр сенің ішің.

Дос болып біз сырды да ашпағанбыз,
Жырдан басқа қай жерді шарлағанбыз.
Бәрін жоққа шығарма айтқанымның,
Тойдың шырқын бұзбасын мақтаған қыз.

Үлгі бол, мүлдем аты шықпаған қыз,
Қырық үй тиым салып тастаған қыз.
Пір тұтар әпкең емес сіңділерің,
Үлгі бол, жар болуға лайықты қыз.

АЛАҢҒАСАР ЖІГІТШІН

Ұл болсам да туылған ел бағына,
Таласқандай болғанмын хан тағына.
Өз-өзімді жоғалтып алам кейде,
Қарап жүрген емеспін жан-жағыма.





Алшақтап кеткен едім ауылымнан,
Жат болып айрылғандай бауырымнан.
Мәдениетті сөйлеуге тырыссам да,
Лас сөздер шыққан кейде ауызымнан.

Сақ болып бәрінен де қорғанамын,
Жыр болып ел алдында қорланамын.
Әдеби сөз тіркесін пайдаланып,
Күнделікті өмірде қолданамын.

Қара бұлт төндіргендей көк аспаным,
Жазылады күн сайын жыр-дастаным.
Арамды да адал деп жүріп жатқан,
Опық жеген көбінен аңқау жаным.

Байлыққа аш көздікпен құнығамын,
Осылай пенделіктен ұтыламын.
Атақты боламын деп жанталасып,
Өзімді өлімге де ұсынамын.

Сүймегенді сүйем деп жар саламын,
Ол жайында талай рет ән жазамын.
Жүректің түпкі үнін қозғаймын да,
Кір шалмаған көңілмен сыр ашамын.

Доспын деп дұшпанға да сыр ашыппын,
Сатқынды бауырым деп мұндасыппын.
Қиын-қыстау кезеңде бір досым да жоқ,
Түсінбеймін мен қалай қыр асыппын.

Тағат таппай келемін жыр жазғанша,
Құрғақ жер деймін суға бір батқанша.
Қыз құсап алданып қап мұң кешетін,
Алаңғасар жігітпін, амал қанша?!





САРЫШЫМШЫҚ

Көктем айы келсе де қыс кеткен жоқ,
Күн жылынып нұр-шуақ төгілген жоқ.
Қайтып келер мезгілің келгенімен,
Қар етегі әлі де сөгілген жоқ.
Себеп болсаң жүректің жырлауына,
Еш кедергі болмайды тыңдауына.
Жайлауыңа айналса солтүстігім,
Оңтүстігім айналды қыстауыңа.

Көшкен бұлттан қалыспай еріп келдің,
Даламыздың суығын сезіп келдің.
Бірдемеден құр қалып қоясың ба?!
Жылы жақтан ертерек жетіп келдің.

Бір күн өтті бұл жерде тұрғаныңа,
Тұмсығыңмен қарды да ұрғаныңа.
Ызғар өтіп бара ма сарышымшық?!
Ықтап жүрсің әр үйдің мұржасына.

Сарышымшық, сен үшін бұл жер арам,
Сыздап жатыр жүрегім саған қарап.
Шіркін, сенің орнында мен болғанда,
Қарт Каспийге қайтадан ұшып барам.





КӨКТАЙҒАҚ

Нұрын төкпей ақ жаңбыр құйып жатыр,
Бір тылсым күш қырларда тұнып жатыр.
Өкпелі ме қардың аз жауғанына?!
Тамшылатып барлығын ұрып жатыр.

Жаңбырдың жауғанынан пайда болмай,
Тұрғандай көңіліме шуақ толмай.
Қайтпаған қыс қаһары ызғарланып,
Тондырды жүрегіміз көктем болмай.

Табиғаттың мезгілін түсінбеймін,
Қылығына қалайша күйінбеймін?!
Тар жол тайғақ кешетін уақыт келді,
Япырмай, енді қалай сүрінбеймін.

Жолдар да мұз боп қатты, айна болды,
Тосыннан мұз айдын да пайда болды.
Тайғанақтап құлаймын жамбасым деп,
(Тұлпарды сүріндірген айла болды).

Жауабы табылмаған әлім сақтан,
Табиғат құрылғандай сөз жұмбақтан.
Ақымақ болған жандар құлап жатыр,
Зардабын тартып келген көктайғақтан.

Көктайғақ-тілсіз жауға айналғандай,
Даламның шаңырағы шайқалғандай.
Қорытынды шығарып қыс мезгілі,
Естен мүлдем шықпастай із салғандай.





ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА ЖАСАП ҚАЙТЕСІҢ...

Үлкен сый қып бағалаған қақ төрді,
Қайран қазақ не көрмеді, не көрді?!
Заманына еш қарсылық білдірмей,
Пластикалық отаны да көз көрді.

Маймыл болып көріне ме түріміз?!
Нар көтере алмайтындай жүгіміз.
Ажалыңмен беттестіріп қоятын,
Сұлулыққа туып тұр ма күніміз?!

Сақаулар жүр ойын айта алмаған,
Кереңдер жүр бір сөз ести алмаған.
Біреулер жүр арпалысып тісімен,
Соқырлар жүр күнді көре алмаған...

Мүгедек жүр арбасына таңылған,
Қолы жоқтар жүр ғой тауы шағылған.
Аяғы жоқтар жүре алмай қор болса,
Ессіздер жүр жүрмей жатып жаңылған.

Осыларды көріп, қара өзіңе,
Аянышты боп көріне ме көзіңе?!
Ал, сен жүрсің пластикалық ота деп,
Зейін салмай ешкімнің де сөзіне.

Әдемілік-денсаулығың зор болса,
Бір бақытқа жетелейтін жол болса.
Айдай сұлу болғаныңнан не пайда?!
Ақ арманың аяқ-асты қор болса.





Әдемілік-жүректегі иманың,
Парасатпен бәрін ішке жиғаның.
Өмір көрдің әжім түссе бетіңе,
Жан-тәніңді адалдыққа қиғаның.

Пластикалық ота неге жараған?!
Хирургтар тек ақшаны қалаған.
Сұлулыққа құмар болған еркектер,
Махаббатқа опасыздық жасаған.

Жасай көрме, ешқашан да жасама.
Құдайыңның жаратқанын бағала.
Сал боп қалған саудың сұлу болуы,
Сондықтанда денсаулықты бағала.

Денсаулық барда, бәрі сауық құрған да,
Ертеңін ойлап аттың басын бұрған да.
Пластикалық ота жасап қайтесің,
Бауырың бүтін, басың аман тұрғанда.

АЛҒЫС АЙТАМ

Аллаға алғыс айтам,
Құлына иман берген,
Алашқа алғыс айтам,
Ұлына кәміл сенген.

Атама алғыс айтам,
Тыңдасаң, ақыл берген.





Әжеме алғыс айтам,
Қолдағы барын берген.

Анама алғыс айтам,
Өмірге алып келген.
Әкеме алғыс айтам,
Басыма бақ әкелген.

Далаға алғыс айтам,
Көк шалғын, гүлдер үшін.
Ауаға алғыс айтам,
Әр алған демім үшін.

Гүлдерге алғыс айтам,
Ұқтырған сұлулықты.
Кітапқа алғыс айтам,
Үйреткен даналықты.

Әр сөзге алғыс айтам,
Жылытқан жан-тәнімді.
Ізіме алғыс айтам,
Жаздыртқан жыр-әнімді.

Жұлдызға алғыс айтам,
Түнде де жарық берген.
Күнге де алғыс айтам,
Әлемге жылу берген.

Досыма алғыс айтам,
Ұғатын жан сырымды.
Бір қызға алғыс айтам,
Байласа тағдырымды.





Суға да алғыс айтам,
Тіршілік көзі болған.
Туысқа алғыс айтам,
Өмірдің мәні болған.

Мың алғыс барлығына,
Қымбатты адамдарым.
Жетелеп тау шыңына,
Нық басқан қадамдарым.

АРМАНЫҢДЫ АЯЛА

Өмір де өз есесін сұрайды ма?!
Бір нәрсе ойлап тұру ұнайды ма?!
Армандау қылмыс болса, байқап қара,
Жұлдыз жерді армандап құлайды ма?!

Арманыңнан аянба барыңды сал,
Тәуекелге бел байлап, бір бағыт ал.
Армандаған қамшыға сап болуды
Өз өмірін қимай ма бір шыбық тал?!

Арман деп айрылған бар астығынан,
Жұмыста сөгіс алып бастығынан.
Қыз ана боламын деп армандаса,
Амалсыз қол үзбей ме жастығынан?!

Армансыз адам адам болады ма?!
Талпынса арман гүлі солады ма?!





Алдына мақсат қоймай құр армандау,
Көңілі әрекетсіз толады ма?!

Қарағым арман үшін күресе біл,
Біле жүр, іші тардың бәрі күңшіл.
Өсекке назарыңды еш аударма,
Әр істен талбақтама қайран көңіл.

Соқыр бол, арманыңа апарған жол,
Тосқауыл болған сөзге саңырау бол.
Арманыңды аяла әрқашан да,
Айды да әпермей ме созылған қол?!

КӨКШЕТАУ, ТАЗА АУАҢ ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ!

Жайқалып құлпырасың гүлдей жайнап,
Көгінде калықтаған құстар сайрап.
Біржан сал жырлап өтсе жырлағандай,
Жолаушы кетер саған басын шайқап.

Жерінде жатыр менің аталарым,
Тарихта аты қалған даналарым.
Қосыбай терін төгіп ғалым болды,
Сабыр да ұстаз болған дара дарын.

Көкшетау не тұнып тұр баурайыңда?!
Жақсы ма әлеуметтік жағдайың да?!
Тас қараңғы болса да көз тартасың,
Жарқырайсың теміржол маңдайыңда.





Күз келсе де мен үшін далаң көктем,
Бір тиді ғой саған да менің өкшем.
Көкше деген атыңа сай екенсің,
Енді, саған айтылсын қандай өкпем?!

Ойларым шарықтайды сан белестен,
Жазылып туылады жыр кенеттен.
Көкшетау, таза ауаң қандай жақсы?!
Кенейткен тынысымды бір мезетте.

Шабыт келсе мен қалай туламайын,
Жырым барда елімді шулатайын.
Саяхаттап келермін Көкшетауға,
Демалысқа шақырса Бурабайым.

ШАЛҒЫ

Техника дамып жатқан соң,
Тыс қалды құрал-сайманың.
Жаңғыру заман болған соң,
Қала боп тұр ғой талғамын.

Мысалға алсам шалғыны,
Жастардың көбі білмейтін.
Тоғыз деп көрген алтыны,
Көңілім содан кірлейтін.

Ұл шалғы ұстай алмаса,
Қара бет болған әкесі.
Еңбекке ұлын бауласа,
Орындалғандай уәдесі.





Көк балаусаны шапқанда,
Демалып рахат табарсың.
Жан терің шығып жатқанда,
Деніңе саулық табарсың.

Жай жатса жүзін тот басып,
Темірі шіріп кететін.
Сондықтан ермен достасып,
Жалықпай еңбек ететін.

Жұмысын бастап ұшымен,
Уатқышпен өткен сан қырдан.
Бәрін де шауып жүзімен.
Өкшелік ізін салдырған.

Күдірет тұнып сабына,
Еңбекке баулап тұтқасы.
Серік боп адам жанына.
Ілініп төрде тұрмады.

Жаз бойы шапқан шөбіңмен,
Қысылмай қыстан шығамыз.
Сол қарызымыз өтілмей,
Бүгін керексіз қыламыз.

Шалғым-ай менің шалғым-ай,
Мақтауға жүрсің балқымай.
Еңбектенсең де қалғымай,
Көңілім саған салқын-ай.

Қайдасың, бестік шалғым-ай,
Бір-ақ жыл сені қолдандым.





Өмір сүрсем де шалқымай,
Тракторге бірден жолдандым.

Техника шаба алмаған,
Жерлерді шапқан шалғым-ай.
Қазағым жалқау шаршаған,
Атамнан қалған шалғым-ай.

ҚҰСТАР ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ

Көктем келіп жанымды марқайтады,
Көкте құстар тізіліп наз айтады.
Бірақ, менде сағыныш деген күз бар,
Ауылымды аңсатып сарғайтады.

Менде ғана сағыныш деген күз бар,
Көңілімде ерімей жатқан мұз бар.
Құстарға ұя жасаса жерлестері,
Мені қарсы алатын елде кім бар?!

Қалай жаман еліңнен жырақ жүрген?!
Өз жұртыңнан бөлініп өмір сүрген.
Құскенов пен құстардың түбірі бір,
Бірі жерде, ал бірі ұшып жүрген.

Құстар келсе қамқорлық ел жасайды,
Мейірімді халықтан нұр тарайды.
Ал, Құскенов барғанда ауылына,
Құшақ жайып, күлімдеп кім қарайды.





Ақын болып жүргенмен толғанатын,
Адаммын жерде ғана ойланатын.
Тегім емес, өзім құс болғанымда,
Ұшар едім қағылып қос қанатым.

Өзінше қыстау қылып жылы жақты,
Аспанда бұлтпен бірге қанат қақты.
Көктемде жайлау қылып туған жерін,
Құстар да бағындырған арай бақты.

Табиғаттың ажары кіре түсті,
Сұлулыққа халық та тізе бүкті.
Құстар қайтып келеді Отанына,
Сайын дала сонымен неткен күшті.

СҮТ САЛМА

Пісіргенде иісі мұрын жаратын,
Құрамында бір құдірет жататын.
Іздегенің сол, табиғи дәрумен,
Ішкен адам ауыртмас жол табатын.

Ауылыма көрік берген сүт салма,
Асқазанның қалайтыны сүт салма.
Көрінсе де, қарапайым тағам боп,
Ұлылықты танытатын сүт салма.

Қазағымның балалары қалаған,
Әр кез ұлттық тағамға да балаған.
Ақ жаулықты әйелдердің барлығы,
Мейірімін төгіп тұрып жасаған.





Сүт дегенің ақ тілектің жолдауы,
Су дегенің ақ ниеттің қолдауы.
Сүт салманы жасай алмай ешқашан,
Ақ саусақтың өзін-өзі қорлауы.

Ішсең, дәмі тіл ұшында сақталған,
Дайындаса өз бабымен бапталған.
Бұл заманда көнергенмен атауы,
Өмірінде ішіп көрмеген аш қалған.

Қалалыққа таңсық болған сүт салма,
Ауылдыққа қадірлісің сүт салма,
Ішсе, еске балалықты түсірген,
Сағыныштың кілтін салған сүт салма.

ТІС АУРУЫ

Тұқұл тіс пе, азу тіс пе білмедім,
Түні бойы ауырып көз ілмедім.
Соқылдатып жүйкемді де жұқартты,
Тыным тауып, көрпе астына кірмедім.

Шіріген бе құдіретін ұқпадым,
Азаптанып уды талай ұртадым.
Қу жаным да шығып кете жаздайды,
Мазам қашып отырмадым, тұрмадым.

Тіпті, жата алмаған соң төңбекшеп,
Ойларымды көрдім сөзбен өрнектеп.





Тіс ауруы қандай жаман, ауырса,
Алатындай әр мүшенді бөлшектеп.

Емі бар ма қолдануға жарайтын?!
Дәрі бар ма шипасымен тарайтын?!
Сап-сау тісті тастамаймын жұлдыртып,
Бұған да мен сабырлықпен қараймын.

Жүрген едім әр таң сайын тазалап,
Қайта-қайта ағзамды да мазалап.
Бар айыбым тамақтанып жүргенім,
Тіс ауруы тұрса мені жазалап.

Екі көзім төрт боп өткен уақытым,
Ұйқы болды енді алар бағытым.
Дәрігерлер емдей алмаған тісімді,
Қалай емдей аласың сен, шабытым.

Аурулардың несі жақсы құрысын?!
Ұқтырғанмен денсаулықтың ұлысын.
Тіс ауруы ұйықтатпады, әлсізбін,
Бір күн демал, енді менің жұмысым.

АЛАШТЫҢ АЛЫБЫНА

Әр Алаштың баласы, өнеге тұтар,
Әр өлеңің оқығанға, дауа қылар.
Әр сөзіңнің мағынасын түсінген жан,
Әр жағдайда қасқайып дара тұрар.





Жан сөзінді оқыған тоқи білер,
Қазақ деген ұғымды сыйлап жүрер.
Өтсе дағы ғасырлар, талай ғұмыр,
Ақын аға, сіз үшін жырлар өрер.

Ол жырларда айтылар Мағжан үні,
Ол жырларда тоғысар ғасыр күні.
Ол жырымен өркендер дарынды ұрпақ,
Бүкіл қауым мойындар бір күн мұны.

Әр өлкенің өзіндік асылы бар,
Әр уақытта мақсатым көркем тұтар.
Дәл Мағжандай бабаның бар болғаны,
Әр ұрпақтың абыройы бекем ұстар.

ХАДИША

Хадиша, ғашық болдым мен өзіңе,
Бас иіп, бағынамын әр сөзіңе.
Жырға толы жүректі жаулап алған,
Бар әлем қызығады бір өзіңе.

Жүзіңнен төгіледі мизамшуақ,
Сезімнен ағылғандай кәусар бұлақ.
Інжу-маржан сөздерің нұр болып тұр,
Айқара ашылғандай маған құшақ.

Сыйға тарт, жүрегіңді лүпілдеген,
Сұлу келбет жымыып күлімдеген.
Хадиша, ғашықтықтың сырын ұқсаң,
Келісімшарт қосылу керек деген.





Өзіңсің асыл жаным, ақ арманым,
Махаббат өзің барда арай таңым.
Білмеймін сені ойлап күн өтуде,
Құдай куә, қиялмен таласқаным.

Тағдырға жоғалмайтын сенімің бар,
Жүрек сезер сенің де сезімің бар.
Саусақ неке жүзігін тақпаса да,
Жүрегіме қадалған есімің бар.

Хадиша - ертегіде жүре берме,
Өзің деп ой толғасын жүрек перне.
Ақша бұлт боп сен жүрсең көк аспанда,
Топырақ боп тұрамын қара жерде.

ДОМБЫРА

Сан ғасырлар бойы елдің зарын айтып, мұның
шаққан домбыра,
Әуенімен ақиқатты ешкімнен де жасырмаған
домбыра.
Өткен күнді тарих қылып, болашақты болжап
жатқан біз үшін,
Қазақты да қазақ қылған қасиетті ұлтым менің
домбыра.

Келешекке айқын бағдар көрсететін асыл әкем-
домбыра,
Нәзік үні жан-тәнімді мәпелеген аяулы анам-
домбыра.
Ел таныған жұлдыздарым есірмесін, лепіrmесін
менмін деп,





Халқымыздың батыры да, ақыны да, әншісі де
домбыра.

Ұлтымыздың ұлылығын ұлықтаған нағыз қазақ
домбыра,
Қазақтың бас ақыны да шер тарқатып серік
қылған домбыра.
Ешкімнен де жасқанбаған көмейіне құйылса да
қорғасын,
Ешбір адам айта алмаған суық хабар жеткізетін
домбыра.

Бір ішегінен биіктікті аңғаратын құдіретті
домбыра,
Бір ішегіне тереңдікті сақтай білген қасиетті
домбыра.
Қос ішегінен ұрпақтардан ұрпақтарға жеткізетін
мұрасын,
Құлағына өсек емес, даналықты құйып жатқан
домбыра,

Шежірені талдап тұрып тегімізді танытатын
домбыра,
Түймесіне ашылмаған сырын сақтап тыға білген
домбыра.
Бүкіл қазақ бас иетін, өзге ұлттар өкілдері
қызығып,
Қазақтықты тұла бойға сыйғызып та жібергенсің
домбыра.





ШАЛЫС ҚАДАМ

Кемшілігі жоқ пенде, мен емеспін,
Алдан шыққан сындарды елемес кім?!
Сүрінгенде, қайтадан жүгірем деп,
Жүрегімнің үнімен кеңескенмін.

Қолда барда қоғамның бәрі жолдас,
Іс түскенде басыңа бақ та қонбас.
Сын сағаттар мен үшін қолайлы сәт,
Қиындығы жоқ өмір мәнді болмас.

Шалыс қадам басу да өнер еді,
Әйтпегенде ошағың сөнер еді.
Қиындықтан қашатын ақымақтар,
Ақылдылар уға да көнер еді.

Даналық та басталған балалықтан,
Балалық та құрылған шалалықтан.
Сөз естісем, шындала түсем мен де,
Орын алып тұрғандай даралықтан.

Қателессем, өмірден сабақ алам,
Таяқ жеген тағдырдан шымырланам.
Құздан алып көтерген биік шыңға,
Пайдасын да тигізер шалыс қадам.

Ұлық болып жатқан соң кішілігім,
Ар алдында көрінер кісілігім.
От басумен келемін ғұмыр бойы,
Айналсын деп аңызға ірілігім.





ХАЛ СҰРАСЫП ОТЫРАЙЫҚ

Жетпеген жақынының қадіріне,
Бармасын өлгеннен соң қабіріне.
Қор қылып сыйламаған тірісінде,
Адамдар мұң шақпасын Тәңіріне.

Бүкіл ғалам жүгіріп кеп құлауда,
Тәккаппарлық мінезбен кім ұнауда?!
Бұл өмірде бәріміз бақыттымыз,
Сол бақыттың кілті тұр хал сұрауда.

Өз бақытын өздері білмеген ел,
Ғайбат сөзге мән бермей бірлікке кел.
Бірімізден біріміз хал сұраса,
Бақытына жол табар іздеген ел.

Нәпсінің айтқанына бағынбайық,
Қалтасы қалыңдарға табынбайық.
Туысты тірісінде іздемесек,
Өлгеннен соң өтірік сағынбайық.

Әрқашан бір тағдыр боп тоғысайық.
Бір үйдің балдары боп жолығайық.
Мыңымыз бірімізді көмей тұрып,
Қазағым хал сұрасып отырайық.





МҰХИТҚА БАРЫП КӨРЕМ

Шет ел көру менің де ақ арманым,
Жетелеген қиялмен әрбір таңым.
Еуразия, Азия елдерінен,
Рахаттанып күй кешер асқақ жаным.

Америка төсінде бой жазамын,
Африканың төрінде толғанамын.
Васко да Гама құсап жүзіп шығып,
Толқынымен үндесіп долданамын.

Керек десең, шөлге де шыдап төзем,
Арабия теңізін де басып өтем.
Өскемен мен Семейге сәлем беріп,
Не болса да мұхитқа барып көрем.

Қыдырғанда қаншама жер көремін,
Бір орында тұрғанды жек көремін.
Елгезек боп өскен соң бала жастан,
Өмірден де саяхатшы боп өтемін.

Салмасам да алтын қып сарайымды,
Ауызыма қаратам талайыңды,
Теңізді жалғыз көрсем, үйленген соң,
Мұхитта өткіземін бал айымды.

Дүние жүзін қайтсем де шарлап өтем,
Сонда ғана шабыттың нұрын төгем.
Жатсам да Атлас тауының баурайында,
Аман болсам, мұхитқа барып көрем.





ҚАНАҒАТ

Ал, кіршіксіз ақ көңілім алаңда,
Би боп сөйлеп отырмай ма балаң да?!
Жақсыларды дұшпан қылып өзіне,
Жамандарды дос қылған көп ғаламда.

Бар болса да жетпейді деп жоқтаған,
Бір басына қайыршылық орнаған.
Дәл айтсаң да нысанаға дөп басып,
Қанағаттанарлық жауап болмаған.

Сәл байыса кетер кісі танымай,
Жүргенімен руханиятқа жарымай.
Барға тәубе демей отыр адамдар,
Мәселесін тындап қатқан басым-ай.

Алла берсе бақ конудын мұрсатын,
Тұсауладық құт дарығтар тұлпарын.
Есіріп ап есек қостық бәйгеге,
Жасап алып Қожанасыр тұрпатын.

Шүкір қылсаң Құдай барын төгеді,
Қолдың кірі ақша басқа төнеді.
Жылай берсең ай оңынан туа ма?!
Тағдыр жазса бұған да ел төзеді.

Кедейліктің не екенін білмейсің,
Байлықтың да не екенін білмейсің.
Кедеймін десең Құдай бермей сорлатар,
Баймын десең Құдай төгіп гүл ексін.





Берерінен алары көп казымұр,
Ақ көңілді көре қалса жанып тұр.
Жасамаған жақсылығы жоқ жомарт,
Сараңға да қолы ашық, жаны нұр.

Бір Құдайға құлшылық ет жамағат,
Пайғамбардан төгілмей ме шапағат.
Сәтсіздікке ұшырайды адамдар,
Іштерінде болмаған соң қанағат.

ЖҰМАХАН БОЛ

Өмір деген өтеді қас-қағымда,
Келтірілген тағдыр боп айғағым да.
Тым құрыса бар, жұма намазына,
Иманнан нұр құйылсын шарбағында.

Сұрай білсең, бір Алла бәрін берер,
Дүниенің бар жақсысын жиып терер.
Бісмәлла деп басталса әрбір ісің,
Қолдау беріп соныңнан елің ерер.

Жаратқан ием орнатқан бақ басыңа,
Сауап жина жүректің тақтасына.
Бес уақыт намаз оқып жүрмесең де,
Алла үйіне бір рет бар аптасына.

Жұмақтың кілтін іздеп жүргендер көп,
Артында ешқашан да өспеген шөп.
Халал іс жасай алмай ешқашанда,
Харам іс жасап жүрген адамдар көп.





Егер Құдай қаласа бәрі болар,
Қатарыңнан атың да жырлап озар.
Бұйырмаса, қусаң да жете алмайсың,
Талпынсаңда басқаға кетіп қояр.

Эх, мұсылман бауырым иманды бол,
Дұрыс бағыт мешітке баратын жол.
Намазхан болмасаң да бес күндікте,
Ұятың болса бір күндік жұмахан бол.

АҚТАУДЫҢ ТҮНІ

Самал жел соғып алдыңнан,
Ғажайып күйге енесің.
Нәр алып туған халқыңнан,
Ертеңге кәміл сенесің.

Сұлулық тұнған даласы,
Тап-таза болып ауасы.
Жапырақтары сарғайып,
Сыр ашып тұрған ағашы.

Болмаған көше атауы,
Қаптаған шағын аудандар.
Желбіреп сезім жалауы,
Жазыла берер арнаулар.

Қыран боп ойым самғайды,
Жазбасам шабыт қарғайды.





Жарқырап Ақтау қаласы,
Арманның жолын жалғайды.

Шырайлы мекен киелі,
Өзіңнің өнер киесі.
Ескен леп соқса барғанда,
Әр қазақ басын иеді.

Жыр жазсам қонақ үйінде,
Таусылмас сөзім бүгін де.
Ақтаудың түні ерекше,
Сақталар жүрек түбінде.

ЖУРНАЛИСТТЕР

Ел ішінде төртінші билік дейміз,
Әрқайсысын пір тұтып еліктейміз.
Журналисттер қызықты адамдар ғой,
Тілмен ғана бәрінен биіктейміз,

Халықтың әр ізінде назарымыз,
Сонымен кіріп жүрген ажарымыз.
Көбіне тәуелді жұрт-журналисттер,
Беймәлім сырға толы жанарымыз.

Біреулер редакцияны паналайды,
Біреулер телевизия жағалайды.
Біреулер қолдау таппай екеуінен,
Амалсыздан қоғамды аралайды.

Журналисттер – биліктің жалшысы да,
Журналисттер – тарихтың тамшысы да.





Дерегімен көбіне сөз өткізген,
Журналисттер – халықтың қамшысы да.

Журналист бол, керемет болсаң досым,
Билік-шапан болғанда халық-тоным.
Тапсырыспен жазылған әр туындым,
Болашаққа ашылған дара жолым.

Журналисттер – кішкентай бір мемлекет,
Әрбір сөзі көңілге болған медет.
Журналисттер – зерттеген әр саланы,
Ғалымдар ғой қастерлеп халқым келер.

ӘР КҮНІМНІҢ МӘНІ ЖОҚ

Бір-бірінен қалыспай күндер өтті,
Күн соңынан ілесіп түндер өтті.
Ешқайсысын мәнді қып өткізбедім,
Әрқайсысы мүмкіндік беріп өтті.

Апта, ай, жыл тоқтамай зулағанда,
Қайран уақыт санамды улағанда.
Өткен күннен беретін есебім жоқ,
Келер шақты болжап ой тулағанда.

Қандай мән бар бүгінгі тірлігімнен?!
Бәтуа шықпас жасаған бір ісімнен.
Тоқтамайды бұл уақыт алға жылжып,
Сағат жұлып алғандай кіндігімнен.

Әр күнімнің мәні жоқ талдағанда,
Нәтижесіз жұмыстан шаршағанда.





Тәжірибе жинаймын не бетіммен,
Бейнеттің төркініне бармағанда.

Алты Алашым балаңды күнде қорла,
Амалсыздан шыдайды жаным зорға.
Күнім-дорба, жасаған ісім-арпа,
Сонда менің қолымда тесік дорба.

ЖИНАЛЫП ЖҮЗДЕН –ЖҮЙРІК, МЫҢНАН ТҰЛПАР

Жиналып жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар,
Ойлары тәуелсіз боп жүрген сұңқар,
Бас қосқан Астанада ақын ұлдар,
Оларда бақ, ал, менде қайғы-мұң бар.

Сәт келер деген оймен жарқылдайтын,
Бос қиял бұлақ болды сарқылмайтын.
Жігерім болғанымен таусылмайтын,
Түрім бар ұлы жолдан салқындайтын.

Қамқор болу орнына сын айтады,
Сын айтса да, өздері шын айтады.
Отырмаймын қатындай салғыласып,
Бірақ, маған жүрегім мұң айтады.

Менің де кезім келер ақын болар,
Жырыммен мынау елге жақын болар.
Қашанға мені тағдыр сорлатады?!
Жарқырап көрінуге қақым болар.





Неге келдім өнердің ордасына,
Жетем деймін арманның өр басына.
Шамам жоқ деп сан соқтым құнан құсап,
Енгендей сақ айғырлар ортасына.

Морт сынды аяқ-асты ақ арманым,
Қазағым жоғалтқандай жыр арланым.
Бақ емес, бап шабатын түрім бар-ау,
Болмай ма нәтижесіз із салғаным.

Мен өзім, өз атамның ізін қудым,
Бірақ та соңғы кезде сөзді қудым.
Ақымақ болады ма, сірә мендей,
Өзімше даңқ керек деп дүние қудым.

ТАҒДЫР-АЙ

Бір кезде бұл дүниенің бәрі боқтай,
Бір бақыт көрінердей қызыл шоқтай.
Егерде қуаныштан бас айналса,
Менен асқан бақытты адам жоқтай.

Шындыққа құштарланып жаным құмар.
Байқасаң, тура айту - кімге ұнар?!
Бір бет болып жүргенде сол бақытың,
Бір мезетте бұлбұлдай көзден ұшар.

Бірде шаттық, бірде мұң араласқан,
Бұл өмір қалай ғана қырдан асқан?!
Алла басқа сәл ғана сынақ берсе,
Сол сәтте жігерімді құм да басқан.





Жатамын көрінгенмен арпалысып,
Кішкене сүрінгенге сағым сынып.
Расында да адамзат әлсіз екен,
Кететін өмір деген жолдан шығып.

Бәріміз бірде жылап, бірде күліп,
Осылайша келеміз өмір сүріп.
Еңсемізді түсіріп, көтердік те,
Кетеміз-ау ағысқа қарсы жүзіп.

Маған шексіз даланың көрсет, шетін,
Жылы жауып қоймаймын жырдың бетін.
Өзіңнің ойыншығың қылған бізді,
Тағдыр-ай бұл да сенің күдіретің.

ҚЫЗҒАНШАҚ ӘЙЕЛДЕР-АЙ

Бір әйел бар жүретін түлкі құсап,
Қулығына жығылған ерлер құлап.
Бір әйел бар қасқыр боп жанын жеген,
Пәле-жала жабатын ойдан құрап.

Бір әйел құбымалы ауа райы,
Бұл енді еркегінің шалағайы.
Бір әйел инабатты мінезімен,
Тұрған нұрға бөленіп жан сарайы.

Бір әйел жұрт көзінше үндемейтін,
Күйеуін оңашада түтіп жейтін.
Бір әйел әрбір сөзге елендейтін,
Жыласа да өтірік күлімдейтін.





Бірақ, бәрі ерлерін қызғанады,
Күлімсіреп өзінше жырланады.
Бөтен әйел сөйлесе күйеуімен,
Себеп іздеп, тістеніп жынданады.

Орнымен қызғанғанға не жетеді?!
Байыппен ұғар болсаң нең кетеді?!
Қызғанбайтын әйел жоқ түсінемін,
Қызғаншақтық жаныңды тербетеді.

Көңілденсе маңайы тұнған көктем,
Сезімінен күлімдеп нұрын төккен,
Ашуланса қар жауып қабағынан,
Қаһарлы қыс жаныңды талдап сөккен.

Ал, қызғанса сыймайды жер бетіне,
Айналады өмірдің жендетіне.
Көзден таса қалғанда алаңдайды,
Сорпа пісіп жатқандай келбетіне.

Қызғаншақ әйелдер-ай асыл жандар,
Романға кейіпкер боп жазылғандар.
Қалаған күйеуінен адалдықты,
Әр әйел шуақ болып шашылғандар.





ӘЙЕЛ ЗАТЫ ӨМІРДІҢ МАҒЫНАСЫ

Еркектер әйелдерді қадірлейік,
Арына ешбір дақты түсірмейік.
Өйткені, әйел деген үй ажары,
Мағынасын қаштырып жібермейік.

Әйелдер-әр еркектің асыл жары,
Әйелдер-әрбір үйдің от жанары.
Әлемнің сегізінші кереметі,
Әйелдер-мемлекеттің күн айдары.

Әйел - таң атып жатқан көкжиектен,
Көзіңді ашып, оятқан көкіректен.
Әр еркек ақыл-естен адасады,
Сырынды ашқызғанда шын жүректен.

Нәзік жандар, ибалы әйелдер-ай,
Мизамшуақ көктем боп келдіңдер-ай.
Шынайы сезім тұнған жүрегінде,
Әр үйге ұйытқы боп кеттіңдер-ай.

Өз қоғамын алыстан арбап жатқан,
Қу түлкі боп жақынын алдап жатқан.
Қабағымен барлығын түсіндіріп,
Еркектердің намысын қайрап жатқан.

Қуа бермей көшенің тауықтарын,
Пір тұтайық көңілдің аққуларын.
Еркектер әр әйелді шын сүйіндер,
Қорламай бұл өмірдің асылдарын.





Әйелдер-жалған сөйлей алмайтындар,
Өзінді өсек айтып мақтайтындар.
Еркектер-ай ардақта әйелдерді,
Олар барда қоғам көп жайнайтындар.

Еріндері жазылған жырдың басы,
Жүздері кездеспейтін гауһар тасы.
Тістері Алатауда биік шындай,
Әйел заты өмірдің мағынасы.

ЕРКЕК –ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, ӨМІР МӘНІ

Әйелдер еркектерге бас иеді,
Нұрына бөлінетін көкжиегі.
Намысы кеудесінде жалындаған,
Себебі, еркек-елдің ханиемі.

Еркектер - өз жұртының азаматы,
Бәйгеде оза шапқан қазанаты.
Ерім деп дүние жүзі қастерлейтін,
Көрініп ерлігі мен парасаты.

Еркектер - әр әйелдің жан-жолдасы,
Еркектер - топ жаратын ел жорғасы.
Есебі түгел қанша қаңғырса да,
Еркектер - халқымыздың бақ олжасы.

Әрқашан тынылықты жұмысына,
Айналған мықтылықтың ұлысына.
Егерде бір шаруаны қолға алса,
Мән беріп отыратын дұрысына.





Қарулы, өз-өзіне қорған болар,
Қара күш тұла бойдың сәні болар.
Қанатының астына бәрін алып,
Еркектер өзгеге де қамқор болар.

Сына бермей көрінген бір есекке,
Қайың деп қарамандар қу, терекке.
Әйелдер, ақбозатғы қадірлендер,
Бақ қонып, оранатын гүл етекке.

Шын сүйген ханзада боп ханшайымды,
Сырларын сақтай білген қырық жылғы.
Әр әйел қаперінде ұстап жүрсін,
Еркек үйде хан болса, түзде сыйлы.

Атқылап Жанартаудай жүрек әні,
Білекті болып жүру ердің сәні.
Ез болмай, ер болатын Отан үшін,
Еркек-елдің тірегі, өмір мәні.

ҚЫЗҒАНБАЙТЫН ЕРКЕКТЕР

Бақыт берсе Құдайым тарықпайтын,
Жан болар ем сол бақтан жалықпайтын
Ел асығып барса да жұмысына,
Ерлер шықты үйіне асықпайтын.

Адам да бар қалатын ел шетінде,
Жүргізілген хайуанның деңгейінде.
Қызғанбайтын әйел жоқ болғанымен,
Қызғанбайтын еркек бар жер бетінде.





Өйткені, еркек деген бағасы жоқ,
Әйелін тергеуге де шамасы жоқ.
Жап-жас қызбен өзінше көңіл қосып,
Некеге адал болар санасы жоқ.

Ал, әйелі бұл жақта не қылып жүр?!
Сырты жақсы, ішінде бір былық жүр.
Бәлкім, ол да еріне ерігісіп,
Оңдырмастан бірдеме бүлдіріп жүр.

Еркек-ай, неге оны тексермейсің?!
Тергемей биік шыңға қол сермейсің.
Себебі, өзіңнің де артың былық,
Сол үшін жан-жарыңа мән бермейсің.

Ақынға сын елім деп жырланбаса,
Қызға да сын етегін қымданбаса.
Ерлер білсін әйелін қызғанбайтын,
Еркек шәйтан болады қызғанбаса.

Қызғаншақтық намыстың бір бөлшегі,
Кеудесінде тізіліп сөз өрнегі.
Қызғыш құстай қорғай біл сүйгенінді,
Бақ боп келер басына құс көктегі.

Жүректегі махаббат жыр жаздырмақ,
Адалдықтың төріне із салдырмақ.
Әйелінді сен қалай қызғандырсаң,
Ол да сені дәл солай қызғандырмақ.

Әйел деген көзіңнің қарақаты,
Саған берген Құдайдың аманаты.
Қызғанбайтын еркектер, ес жинаңдар.
Қиянат жасау жүрек жарақаты.





ҚЫЗЫЛЖАРДА ҚЫС МЕЗГІЛІ

Ызғарынан жүрек сыры ашылмас,
Қаһарынан жыр-дастаның жазылмас.
Қызылжарда қыс мезгілі картина,
Жер бетінен бір әжім де табылмас.

Бәрі аппақ, кіршіксіз ақ, сүт дейсің,
Судан таза жүрекке мұз жүктейсің.
Қызылжарда қыс мезгілі ажарлы,
Ғашық болып көктемді де күтпейсің.

Кескіні бар Ақбілектің ажары,
Оң болатын болашаққа сапары.
Қызылжарда қыс мезгілі ертегі,
Тұрғындары кейіпкерлер қатары.

Ақ кайыңдар далаңда гүл жазира,
Жаз болғанда аппақ қары дариға.
Қызылжарда қыс мезгілі саз әуен,
Ақан сері әндеткен «Бал Қадиша».

Тондырады сарқыраған аязы,
Жамағатты қысып кетер аяғы.
Қызылжарда қыс мезгілі тасжүрек,
Жүрегіне салынатын қаяуы.

Ақ көрпемен жамылады кең байтақ,
Табанымыз қалып жатар із салсақ.
Қызылжарда қыс мезгілі қар, мұз, су,
Күн жылынса көшелерде саз салпақ.





Талай жанды ауыртады суығы,
Сырақаттанып, сыздап бітер буыны.
Қызылжарда қыс мезгілі жүз жұмбақ,
Қары мұз боп тұрған жердің қуысы.

Жылынуға пайдаланып жұптарын,
Жалған сезім беріп жатқан рұқсатын.
Қызылжардың қыс мезгілі күмәнді,
Махаббатта тұрақсыз боп тұрғанын.

Қара жерден ұлпа қарға құмарсын,
Боранды ой оппалап бір ұзарсын.
Қызылжарда қыс мезгілі тарихын,
Абылай хан туын тіккен құзар шың.

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Заңғар көкпен иықтасқан ескі қалам,
Таңдай қаққан өзіңе бүкіл ғалам.
Қызылжарым, ұлылар өткен жолда,
Тарих тұнған көшеңе ізімді салам.

Аңыздарда айтылған кейіпкердей,
Тұрғындары киелі киіктердей.
Көз тартады көнерген ғимараттар,
Көрінетін құзар шың биіктердей.

Пана болған өзінің ұл-қызына,
Айналғансың солтүстік жұлдызына.





Не жетер, таба алмайсың, іздесеңде,
Туған ел деген дүние құндызына.

Біреулерге Есілің арман елес,
Қақ төрінде бағынған асу белес.
Қарттары да көненің көзі болған,
Жөн сілтейтін берілген ақыл-кеңес.

«Баба тілін» пір тұтқан дастаны бар,
Берекелі халықтың астауы бар.
Елім артқан сенімді ақтай білген,
Жас болса да бас болар жастары бар.

Жыр бесігін тербеткен кең даласы,
Тынысыңды кеңейткен таза ауасы.
Туған жерім теріскей өңірдегі,
Қызылжарым – облыстың астанасы...

ЖАҢБЫРДАН КЕЙІНГІ ҚЫЗЫЛЖАР

Даламыз қалған соң тазарып,
Қаламыз қалғандай жаңарып.
Жерге де жан бітті нұр жауып.
Көгерген еліміз дән алып.

Алдыңнан самал жел еңсіп тұр,
Бетіңе ескен леп соққандай.
Артыңда ғажайып бақыт тұр.
Біреулер жасырып қойғандай.





Таза ауа мұрныңды жарады,
Дем беріп ішіңе тарады.
Жауапсыз махаббат үн қатпай,
Сауалдар көбейіп барады.

Қос жүрек соққан бір қалада,
Найзағай ойнайды аспанда.
Кездеспей жаңбырлы далада,
Ғашықтар жазылмақ дастанда.

Ақ нөсер пәк сезім қамалы.
Қолшатыр сүйгендер амалы.
Қайталанады Міржақыптың,
Қалдырған «Бақытсыз Жамалы.»

Талай рет жазатын жырым бар.
Жүректің түбінен шығындар.
Сезімге жол ашып бермей ме?!
Жаңбырдан кейінгі Қызылжар.

ОН ҮШІНШІ МҮШЕМ

Бір көргеннен саған ғашық болғанмын,
Екі жүрек тілдеспесе тоңғанмын
Үшке дейін ел кезегі дегендей,
Төрт құбылам теңестірсең қорғанмын.

Бес күн жалған дүние өтіп барады,
Алты Алашым ақ жол тілеп қарады.
Менің жеті кереметім сен едің,
Сегіз әріп бойға ем боп тарады.





Тоғыз күнде жетіп сезім толғағы,
Он ай пісіп бақыт қазан-ошағы.
Он бір қызға өлең жазсам толғанып,
Он екі жыл әрбір жанның қонағы.

Мейлі мені даттап, боқтап, қорласаң,
Өз-өзіңді аулақ ұстап қорғасаң.
Денсаулығым-он екі мүшем сау болмас,
Он үшінші мүшем егер болмасаң.

Сен кеткенде жұлынғандай жүрегім,
Сен келгенде емделгендей жүремін.
Денсаулық та махаббатқа тәуелді,
Ойлай беріп мен де бүгін жүдедім.

Сезім кетті қанат жайып кеңінен,
Той-думан қып қос ғашықтар елінен,
Арыласың осы артық салмақтан,
Ғашық боп көр бір рет көру кезінен.

Он үшінші мүшем менің ауырма,
Ешқашан да тура жолдан жаңылма.
Түсінбесең, сыйламасаң сен мені,
Түске кіріп есік болып ашылма.

Махаббат қой сегіз әріп дегенім,
Осы болды өмірдегі дерегім.
Ал, сүйгенім алты әріп, үш буын,
Үш бақытым тұнып тұрған мекенім





КҮНӘҢАР

Не қыласың біреулерді ғайбаттап?!
Қауысет жүр жалған сөзбен ар аттап.
Көрінгеннен сөз тергенше мәні жоқ,
Жүрмейсің бе мағыналы жыр жаттап?!

Көпті сөз қып жүрсің, күліп мұртына,
Атың сымсыз телефон боп жұртыңа.
Мұсылманға жарасатын іспе бұл,
Айналдырған ібілістің құртына.

Сырт айналар сені елдің құрметі,
Өсек емес мұсылманның сүннеті.
Жөніңмен жүр, жұртта шаруаң болмасын,
Айналайын, Пайғамбардың үмбеті.

Өсек айту-еріккеннің ермегі,
Ойына да кіріп шықпас ертеңі.
Өсек айту-апарған жол тозаққа,
Ақиқаттың өтірікке ергені.

Өте шығар дүние жалған бес күндік,
Өсекшінің алауына кеп күйдік,
Бір Алладан жұмақ төрін дәметіп,
Ел, әңгіме-дүкен құрып сан күлдік.

Өсектің шын екеніне шұба бар,
Ғайбат сөзбен терілетін күнәлар.
Тыңшы болу жұмыр бастың соры ғой,
Ал, өсекші Құдай үшін күнәхар.





ШӘМШІНІҢ СУРЕТІНЕ СЫР АШУ

Шын дарынды өлген соң қастерлейтін,
Оған дейін ешкім де мән бермейтін.
Шәмші ата ұқпадым өз халқымды,
Талант болдым ешқашан ел сенбейтін.

Елім қайда өнерді ардақтайтын?!
Балаң едім бәрінен тарбақтайтын.
Тұрғаным жоқ сол даңққа құштарланып,
Атақтан да биік деп ар сақтаймын.

Әніне мәтін жазар ақын іздеп,
Өмірден өткен едің ойды тербеп.
Даңқ беріп халық келді дәл өлерде,
Кезінде қор қылатын маскүнем деп.

Мұң кешем мен де бүгін сен секілді,
Қоғамнан әр таң сайын у берілді.
Нотаға түсіретін жазғаным бар,
Сазгер жоқ қарап шығар өлеңімді,

Тағдырлас болдық ата екеуіміз,
Бағынбай қойған жоқ па белесіміз?!
Әттең-ай, бір заманда туар болсақ,
Жатады әнге бөлеп мекеніміз.

Амал жоқ суретіңе сыр ашқаннан,
Нәр алар ертең елім жыр-дастаннан.
Астана көшесінде суретің тұр,
Бейнең бір көрінгендей көк аспаннан.





Өкпе ме суық өтіп кетеді ме?!
Өлеңім әлде шынға жетеді ме?!
Сен құсап хал үстінде жатқан кезде,
Бұл қоғам мені ақын етеді ме?!

Нобельдың сыйлығына ұсынады,
Жырымды талай жерге ұшырады.
Елге маза бермеймін тірі болсам,
Өлгенде жайда менен құтылады.

ЕРІНБЕ, ДОСЫМ ЕҢБЕК ЕТ!

Орналас қызмет орнына,
Жатқанға бақыт қонбайды.
Асығып ұйқы қойнына,
Еріншек адам оңбайды.

Маңдайдың тері төгілмей,
Тәтті нан алып жемейсің.
Жастық шағыңда жүгірмей,
Қартайсаң елге не дейсің?!

Жоқтыққа көзің жетпесе,
Бардың қадірін білмейсің.
Жылайтын сәт кеп, кетпесе,
Шын күлуді де білмейсің.

Көктемде дәнді екпесен,
Күздікте нені орайсың?!
Тірліктің атын жекпесен,
Ағаш өспеген тоғайсың.





Тындалса қарттың сөзі де,
Талай жыл жанын қинаған.
Байқа, байлардың өзі де,
Тырнақтап дүние жинаған.

Тасқа да соқтым басымды,
Табылмай салар тұқымдық.
Алатын тегін асынды,
Кім болар екен мұрындық?!

Тәжірибенді жинамай,
Бірден кеп бастық болмайсың.
Жаныңды бейнет қинамай,
Зейнетін ала алмайсың.

Білімді болып тұрса да,
Түк білмес іске келгенде.
Алла жар болып тұрса да,
Тіршілік етсін әр пенде.

Ертең деп жалқау болғанда,
Іс нәтижесін бере ме?!
Басың мамыққа толғанда,
Бақ, өз аяғымен келе ме?!

Аспаннан түскен сабырлап,
Басқадан артық қай жерің?!
Жай жатсаң кеудең жалындап,
Құлақ ұрайын сөздерің.

Қорылдап аю боп жатқанша,
Құмырсқадай бол, тыпырлап.





Көпке масыл боп жатқанша,
Жүргенің артық шырылдап.

Әрекет етсең, ғанибет,
Кетпейтін мәңгі ырысың.
Ерінбе, досым еңбек ет,
Тарылып қалмай тынысың.

БІР ҚҰДАЙ ЖАЗСА

Ғарышта емес елдеміз,
Аспанда емес жердеміз.
Қателеспеуге құқы жоқ,
Періште емес пендеміз.

Тізеңді бүкпей ешкімге,
Маңдайды тигіз сәждеге.
Жалтақтай бермей әркімге,
Құдайға табын әй, пенде.

Қолыңда байлық болса да,
Бір күні ол да қашады.
Есімің даңққа толса да,
Кім саған сырын ашады?!

Көрсетпе осал тұсыңды,
Тәккапар дүние алдамшы.
Ұстай біл бақыт құсыңды,
Ұққанға уақыт бір тамшы.





Жалғанмен өмір сүргенбіз,
Өсекке құлақ түргенбіз.
Жайнамаз көрсе шошынған,
Бейнамаз болып жүргенбіз.

Жүрегін нұрға толады,
Жүзіңе иман толады.
Қуаныш-қайғы ғұмырын
Бір Құдай жазса болады.

КІТАП ОҚЫ, ШЫРАҒЫМ

Сілтең-сілтең жүргенше оқы, қалқам,
Биік шыңға оқымай кімдер барған?!
Ұлылар да оқыған кездерінде,
Абай да әліпбиден бастау алған.

Бой емес, ой өлшейтін мына заман,
Көрмедім, оқығанның қайсы жаман.
Көкірегің оянсын кітап оқы,
Өзінді үлгі қылсын келер заман.

Кітап оқы, шырағым босқа жүрме,
Өсек деген бос сөзге құлақ түрме.
Құр ойнасаң, оқымай дер кезінде,
Бөк теуіп қап соңында иттей үрме.

Шырағым, кітап оқып көзінді аш,
Білім ғана болатын саған жолдас.
Сабақтан қашып кетіп оқымаған,
Өкінішім кеудемді өртейді, рас.





Орынды сөйлей алсаң абыройың,
Арманмен өрлеп жатыр қиял ойың.
Соның бәрі кітаптың арқасында,
Көпшілікте көрінсе тұла бойың.

Кітаптан табылады бар қасиет,
Сөздері болатұғын тілге тиек.
Оқудан қашпа, оқы, оқи берсең,
Руханиятқа толар ішкі жан дүниен.

Кітап оқы, шырағым білім-шырақ,
Оқымасаң қаласың елден жырақ.
Өмір сүргің келсе де жұрт қатарлы?!
Оқығандар бәрінен бақыттырақ.

Көз көрсе де, оқымай көңіл соқыр,
Сыртың бүтін болғанмен ішің қотыр.
Білімді қор қып, бойын аулақ ұстап,
Сан соғып, ақыл айтып ақын отыр.

БИБИГҮЛ ТІЛЕУБОЛДИНОВАҒА

Бибігүл, өлең болып бақытымыз,
Білмедік, қайдан келді шабытымыз.
Бір болып екеуміз де таңдаған жол,
Ұйқаспен құрылған ба уақытымыз?!

Буынға бөлінген соң тағдырымыз,
Сахнаның қақ төрінде ән-жырымыз.
Көбіне дарынымыз аян болып,
Халықтан жасырылмас жан сырымыз.





Біз, неге өзімізді ойламаймыз,
Бақыттың ертеңін де болжамаймыз.
Ел десе, мүлде естен айрылдық та,
Үйдің де мәселесін қозғамаймыз.

Сөзіміз болмағанмен ұлағатты,
Кітапқа салдырармыз ғұламатты.
Жарқырап тұрмасақ та мұражайда,
Уақытша паналаймыз мұрағатты.

Өмірдің қайталанса қайырмасы,
Қайысқан әрбір жанның қабырғасы.
Сен айтыста, мен болсам поэзияда,
Осы ғой сырымыздың айырмасы.

Бірақ та, ортақ болды арманымыз,
Қазақ деп болашаққа барғанымыз.
Талмаса ешқашан да қанатымыз,
Қайратты болар өлең-арланымыз.

Бибігүл, қазақ болса ұранымыз,
Біз едік, Тәуелсіздік ұланымыз.
Өлеңнің сапарынан шаршамайық,
Қошемет-біздің мәңгі тұрағымыз.





АДАМ БОЛДЫҚ ҰСТАЗДЫҢ АРҚАСЫНДА

Өз қолы өз аузына жеткеннен соң,
Арманы өзін аңыз еткеннен соң.
Сол сәтте жақындарын ұмытқан бар,
Ер жетіп балалықтан кеткеннен соң.

Кім болсаң да ұмытпа өткенінді,
Жандырсаң да қайтадан өшкенінді.
Құр біліммен шектелмей тәрбиелеген,
Ұстаз барда күз қылма көктемінді.

Адам бол деп күн сайын дәріс берген,
Сол арқылы адамзат дәріптелген.
Әліппені оқытқан ұстаз болар,
Сөзінді құрыстарсаң әріптерден.

Күн сайын асқақталып беделіміз.
Қашанда түгел болды есебіміз.
Санауды сонда саған кім үйреткен?!
Жауабы «Ұстаз» деген белесіміз.

Бірақ қоғам ұстазды ластағандай
Хайуан болып кеткенін растағандай.
Дұшпанындай көрді де даналықты
Ұстазын да ұмыта бастағандай.

Бапталғанбыз мектептің бақшасында,
Ұстағанбыз шебердің балғасын да.
Басты міндет ұстазбен араласу,
Адам болдық ұстаздың арқасында





БІР БӨЛКЕ НАН

Тоқ болған соң адам көксей береді,
Қолындағы ақшасына сенеді.
Соның бәрі Алла төккен нұр еді,
Ал, ол болса өзінше боп келеді.

Бірақ, тағдыр сені бұлай секіртпес,
Адамдықтың киесіне түкіртпес.
Бітетіндей аштықтың да дәурені,
Тойымдылық сені мәңгі кекіртпес.

Сондықтан да «Шүкір» деп қой Тәңірге,
Ас атасы болған нанды қадірле.
Оңбайсың ғой соқса нанның кепіті,
Бас исең де хан бұйырған әмірге.

Бір бөлке нан тағдырыңды шешеді,
Бір бөлке нан бақ құсы боп жетеді.
Нан табам деп адам бәрін кешеді,
Ерінгеннен ырысымен кетеді.

Бір бөлке нан алтыннан да бағалы,
Бірақ елдің пір тұтқаны шамалы.
Бір бөлке нан болмай қалса дәл қазір,
Кедей түгел, байдың келер ажалы.

Бидай ұны таусылмайтын астығын,
Жетпесе де, көрсетпеген артығын.
Көктем егіп, күз шығарған дән болып,
Бір бөлке нан сенің мәңгі бастығың.





Тоқтық заман өтіп кетер бір сәтте,
Жоқтық заман жетіп келсе қасірет.
Нан қоқымын жинаған жөн әлбетте.
Бір бөлке нан теңдесі жоқ күдірет.

ҚАР ЖАУМАЙ ТҰР

Биылғы қыс ерекше қыс болып тұр,
Қап-қара жер өзінше жыр болып тұр.
Мұз боп қатқан көл-өзен ұйықтап жатыр,
Қар жаудырмай жүрекке сыз болып тұр.

Ақ көрпесін жамылса Жер-Анамыз,
Ауасы да тазарып дем аламыз.
Қырауланып тұрса да ағаштары,
Аппақ қарға зар болды кең даламыз.

Қар жауар деп танды да атқызамыз,
Қысты аңсап күнді де батқызамыз.
Дала болса тым-тырыс құстары жоқ,
Енді бұны қай мезгілге жатқызамыз?!

Не сұмдық қар жаумай тұр Желтоқсанда?!
Қаһарлы қыс, қанша рет жел соқсаң да.
Ақ мамыққа оралмай табиғат та,
Өз мезгілін ұқпай тұр Желтоқсанда.

Мені, сені тоңдырған ызғарынан,
Тон кисек те шет елдің былғарынан.
Жылдың соңы Желтоқсан желін соқса,
Не ұғамыз даланың сырларынан?!





Мән іздесек өлеңнің ұйқасынан,
Сыр табамыз аяздың тұлғасынан.
Қара жердің суығы қандай өткір?!
Жылу бар-ау, аппақ қар ұлпасынан.

Ауа райым, бұнынды теріс дейін,
Қар жаумаған қысыңмен келіспейін.
Боран ғана аяздан құтқаратын,
Желтоқсанда тоңдырма теріскейім.

ПЕНДЕЛІККЕ САЛЫНБА

Құдай бәрін бірден төгіп бермейді,
Бұйырғаны ешқашан да кетпейді.
Адам тілін оң-солына сермейді.
Бұйырмаса, қуғандар да жетпейді.

Бос мақтауға ешқашанда семірме,
Тоңып секір, бірақ тойып секірме.
Тас төбеңнен ұрады Құдай бір күні,
Барың болса шүкір деп қой есірме.

Бір-ақ қадам бағың сорға айналса,
Бұралаң жол жігеріңді қайраса.
Бір-ақ күн ғой мұң шаттыққа айналса,
Бақыт құсы жүрегінде сайраса.

Сен жеткенге біреу жете алмайды,
Жетпегенге біреу жетіп алады.
Ақтар сені өсек ете алмайды.
Ал, қаралар кәпір етіп алады.





Кеуде қағып өз досынды басынба,
Қайғың болса ешкімнен де жасырма.
Арқаң жоқ па?! Теңіз болып тасынба,
Беделінді жұртқа айтып асырма.

Есің барда тіл мен жаққа асылма,
Егер өзің тіл маманы болмасаң.
Жүрегінде толқын соқса басылма,
Талпын, шыңдал ақыл-ойға толмасаң.

Қанша соққы алғанымен айдарын,
Қайрат барда ешбір жанға жалынба,
Жаным ашып, менің бір-ақ айтарым.
Не болса да пенделікке салынба.

ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛЕГЕНІ

Қайғыдан қабырғамыз қайысып тұр,
Жүректе қайғы өлең жазылып тұр.
Құманды жер қойнына қимаймыз деп,
Бұлақтай көз жасымыз ағылып тұр.

Сен жоқсың, өнеріміз жаңғыра ма?!
Желтоқсан жүрекке сыз салдыра ма?!
Халқынды Қыз Жібекке балап тұрмын,
Аллаға Төлегенін тапсыра ма?!

Суық хабар көңілді елеңдетті,
Сені сүйген жүректі елжіретті.





Сенсіз қазақ киносы кино болмас,
Телеарнаны көргім де келмей кетті.

Саралаймыз сен салған есіл жолды,
Ашылмаған сырларың теңіз болды.
О дүниелік болған соң майталманы,
Қазақстандық театрлар жетім болды.

Тарихта атың қалды аңыз болып,
Жүресің ел есінде абыз болып.
Тірісің, халық сені өлтірмейді,
Ұлықтау, қадір тұту парыз болып.

Саған әр кез еліктеп ұрпақ өсер,
Әр қалдырған ізінді жырлап өтер.
Желтоқсанда қар емес, қайғы келді,
Қош бол, сенсіз белестен өтпес өнер.

Бүкіл елдің айналып ағасына.
Ие болғансың елдің биік бағасына.
Аңсағанда қазақтың Төлегенін,
Барып тұрам Жайықтың жағасына.



ҚОРҚЫНЫШСЫЗ ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ

Сынақсыз өмір – ол, өмір емес!

© Сократ

Өмір мәнсіз еш қиындық көрмесем,
Еңбектеніп маңдай терін төкпесем.
Бейқам жүріп тек биікке өрлесем,
Өз жанымды өкінішпен сөкпесем.

Бірде құлап, енді бірде жүгірем,
Күнәларым болса соған күйінем.
Не болса да бұл күнге де шүкір дем.
Елдің қаңқу сөздеріне түкірем.

Бір күн сайын қысқарылып өмірім,
Мұңға толып бара жатыр көңілім.
Жырларыма бөленсе де өңірім.
Би болардай мынау менде жоқ білім.

Игілікке бағыттайтын ісімді.
Тұла бойға сіңіретін ілімді.
Мүмкіндіктер пайдаланбай қалуда.
Қол қысқа боп сала алмадым ізімді.

Жарайды, енді бұл өмірдің сынағы,
Өлең еді әр ақынның шырағы.
Әлі талай бәйге алып келермін,
Тұлпар болса ер жігіттің пырағы.

Қайран жүрек келер күнге сенеді,
Бәрі елдің тарихына енеді.
Қорқынышсыз өмір сүргім келеді
Батыл қадам үрейімді жеңеді.





Мүмкін, менің бағым жырда жанады,
Мүмкін, жанбай жарты жолда қалады.
Бәрі, бәрі бір Алланың қолында,
Бәлкім, жырым аманат боп жатады.

Не қылсам да табылам елдің маңынан,
Сапасы артық батырлардың санынан.
Қалам сиясын пайдаланбай келемін,
Жыр жазған соң жүрегімнің қанынан.

ЕСІРІП КЕТКЕН ЕДІМ

Сахнада тамашалап өнерімді,
Көрдіндер, жырдың нұрын төгерімді.
Білдіңдер, лаулап тұрып сөнерімді,
Сездіндер өшіп барып өсерімді.

Көтере алмаған соң тойғанымды,
Есіріп кеткен едім, кешір халық.
Есіме алдыртқан кім болғанымды,
Өз ұлын жазалаған әділ халық.

Мұхитты менсінбеген ешқашанда,
Құрлыққа шығып қалды алтын балық.
Төріңе мән бермеген мен қашан да,
Зар болдым босағаңа қайран халық.

Көрсете алмаған соң кішілікті,
Жоғалтып алдым бүгін қадірімді.





Бойымда сактамадым кісілікті,
Ренжітіп халык деген Тәңірімді.

Аспанда қалықтықтаған есімімді,
Бір сәтте түсірдіндер жер бетіне,
Арқамды қағып төккен мейірімді,
Қақырып түкіреді ел бетіме.

Есіріп кеткен едім, өскен сайын,
Халқымыз ықыласын төккен сайын.
Қазағым ашуланса қандай жаман,
Сүрінсен су себеді өшкен сайын.

ТАРАЗДЫҢ АЛТЫНБЕГІ

Жүректі тербетіп жүр әуелеп ән салғаны,
Киелі домбырасы-халықтың арай таңы.
Бас иіп бүкіл әлем талантын мойындаған,
Алтынбек Қоразбаев-өнердің майталманы.

Кененнің көзін көріп, тәлімін алған жігіт,
Ұстазы Ғарифолла тәрбиесін көрген жігіт.
Асылдан қалған тұяқ бүгіннің ақсақалы,
Нұрғиса ағасының қасында жүрген жігіт.

Нотанын дауысынан қозатын делебесі.
Домбыра пернесінде сыр толы кебежесі.
«Айхайлап жиырма бесін» жетпіске келіп

қалды,

Қарт болдын басқалармен тенескен терезесі.





Қазақстан, Қырғызстанның әртісі боп танылған,
Көмейі күміс болып, әнімен нұр шашылған.
Аяулы шәкірттері Мейрамбек, Тоқтар бүгін
Алаштың маңдайына қос жұлдыз боп жағылған.

Сахнаның қақ төрінде қалықтап жан дауысы,
Эстрада ғұмырында тарих боп шын дарыны.
Көрінген Алатаудың шыңынан жетпіс жасы,
Тараздың Алтынбегі-қазақтың мақтанышы.

АҚПАНЫМ

Сүйретіп қара пимасын,
Ақпаным жаңды қинасын.
Ақ қалам ұстап қара жер,
Жазады акын диуасын.

Мұң басып елдің жанарын,
Төгесің қыстың қаһарын.
Ақ шапан киіп табиғат,
Кіргізді дала ажарын.

Таяз қып қойған тереңді,
Естіртті талай кереңді.
Саршұнақ аяз қақыған,
Үскірік шалды денемді.

Ақтарды ойдың қырларын,
Ашқызып дала сырларын.
Сиқырлы болып мұз айдын,
Жазады көңіл жырларын.





Құлақты қатты бұрғандай,
Шымшылап беттен ұрғандай.
Қырауланып тұр қыз орман,
Сәукеле киіп тұрғандай.

Жүрсем де жылы киініп,
Тұрмаспын қыздай иіліп.
Ауамен бірге ызғары,
Дала тұр маған тиісіп.

Жер тұр ақ шапан жамылып
Жұп-жұқа қардан жабылып
Маужырап аспан тұрса да,
Қара жер кетті жарылып.

Аспанға қарап таң қалдық,
Ақпаннан бойға нәр алдық.
Бораны түтеп соқпаса,
Береміз жазда тасаттық.

ІШІП-ЖЕСЕҢ...

Өмір сүріп жүрсек те қай заманда?!
Алу-беру болады ғой қашан да.
Тура айта алмасаң да, жұмбағы:
Ішіп-жесең, құсу керек әманда.

Ата-анаңа айтылса да арызың,
Мәңгілікке өтелмейді парызың?!





Достарыңнан қанша көмек алсаң да,
Ол да сенің берілетін қарызың.

Керек жоқ боп тұрса-дағы түгің де,
Пайдан тиіп қалады ғой түбінде.
Құдаң тартқан омыртқаң да мүжіген,
Сол омыртқаң қайтарылған үйінде.

Айналып келер сыйға тартқан сыйың да,
Өзіңде қалар арнап жазған жырың да.
Алдынан өтіп, үйге келін түсірсең
Өзгеге келін болар сенің қызың да.

Ұрғанға да білегіңді түресің,
Сыйлағанды сыйлап өмір сүресің.
Бір шай берген көршіңе де сол күні,
Шай беруге дайындалып жүресің.

Қазсаң жер де құдық боп су береді,
Баптай білсең жеміс те дән береді.
Ешкім саған көктен төге салмайды,
Бере білсең, сонда ғана береді.

Қылмыс қылсаң берілмей ме жазаң да?!
Жұмыс жасап алынбай ма бағаң да?!
Өзіңе де қайта айналып келеді,
Жаназаға алып барған батаң да.

Өмір өзі алып-беруден тұрады,
Адамды да сұм ажал кеп жұтады.
Асқазанын риза қылса маскүнем,
Ішкен күні ол да жатып құсады.





Өмір, шіркін төр мен көрдің жолы ғой,
Алса, бермеу ақымақтың ойы ғой.
Ішіп-жесең құсу керек бәрібір.
Бұл жалғанның ең қызығы осы ғой.

ӨЗІҢДІ САБЫРЛЫҚҚА ШАҚЫР, ДОСЫМ

Күйбелек болып жүр ғой әрбір пенде,
Жөн еді әр ісіне мән берген де.
Байыппен істің анық-камына жет,
Адамға түк пайда жоқ есіргенде,

Адамға түк пайда жоқ есіргенде,
Мен, мен деп сөзбен бөсіп лепіргенде.
Бұл өмір бір күн уайым, бір күн бақыт,
Сынақ қып әрқайсысын жібергенде.

Адамбыз, жұлдыз болып танылсақ та,
Ел білген жүрек сырын жасырсақ та.
Басыңа нелер келіп, нелер кетпес,
Бастысы, бәріне де сабыр сақта.
Ақылмен бүкіл шаруа шешіледі,
Ашуға ерік берген жеңіледі.
Сабырлық-адамзаттың мықтылығы,
Қызба қанды адамдар не біледі.

Тәкаппар болсаң, арман ұзамайды,
Жігерің шыдағаннан құламайды.
Өзіңді сабырлыққа шақыр, досым,
Аллаға өктем мінез ұнамайды.





КЕШ ЖАРЫҚ .

Күн қызарып ұясына барып батты,
Үнсіздікке көміліп дала жатты.
Шоқтай жанып қаптады көкте жұлдыз
Құя салып кеудеме шапағатты.

Кеш жарық! Таусылмасын шаттығымыз,
Қызыққа толы болсын жастығымыз.
Қос ғашық кездесетін уақыт қой бұл,
Көрінсе махаббаттан мастығымыз.

Кеш жарық! Асыл жаным, іңкәр сазым,
Өзіңе жеткізейін жүрек назын.
Қораның сыртына кел, сырласайық,
Табайық құшақтасып көңіл жазын.

Сезімді жырлап жүрміз жалықпастан,
Ай нұрын төгіп тұрса түнгі аспан.
Кеш жарық! Ерніндегі шам жағылсын,
Жазылып жүректегі өмір дастан.

КҮЛӘШ ҚАЙТА ОРАЛДЫ ОРТАМЫЗҒА (Альбина Шардароваға)

Әр қадамы айналған жыр-аңызға,
Бір әнші қыз қосылды ортамызға.
Саз әлемін ақтарып қуан қазақ,
Күләш қайта оралды ортамызға.

Жұлдыз болмай эстрада аспанына,
Аңыз болар тарихтың дастанына.





Құштарланып тыңдаймыз, тамсанамыз,
Көмейінен ән-бұлақ аққанына.

Елге жетіп табиғи дарындығы,
Байқалады халыққа жақындығы.
Әнін тыңдап Мадина деп қаламын,
Ұмытылып жанымның ақындығы.

Роза дерсің шыққанда жан дауысы,
Болатұғын әлемнің ән абызы,
Тәрбиеленген Ақмола аймағынан,
Альбина да қазақтың мақтанышы.

Қылығымен сүйкімді ару болған,
Езуінен нұр шашып күлкі толған.
Күміс көмей, жез таңдай ән айтқанда,
Әншісымақ қыздарға үлгі болған,

Әр қадамы айналған жыр-аңызға,
Бір әнші қыз қосылды ортамызға.
Саз әлемін ақтарып қуан қазақ,
Күләш қайта оралды ортамызға.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕКСЕНБІСІ

Адамның күні бар ма демалатын?!
Бой жазып рахаттана дем алатын.
Дүйсенбі-сенбі жұмыс күндері боп,
Батталда* үй шаруасын еске алатын.

Жексенбі-қарбаласып жатқан тәулік,
Кір жуу, еден жуу тұнған тірлік.





Терезе шаңын сүртіп, одан қалды,
Қонақты қас-қабағын бағып күтгік.

Балалар бармай балабақшасына,
Түстік қой көшпенділер арнасына.
Шыққанда іңгәлаған дауыстары,
Жыр жазар жүрегіңнің тақтасына.

Алысар бала құсап үлкен-кіші,
Базарға айналғандай үйдің іші.
Жұмыста отырғаның артық шығар,
Болғанша аптаның бір жексенбісі.

Үйде де рахаттанып демалмайтын,
Дамыл жоқ таңнан кешке зырылдайтын.
Өйткені, қаны сүймей жалқаулықты,
Қазақтар жексенбіні пысқырмайтын.

Демалу керек еді бүкіл кісі,
Нәтиже бергендіктен әрбір ісі.
Жыбырлап жата алмайтын қазақ үшін,
Қызыққа толы өмір көрінісі.

Қозатын жұмыс десе делебесі,
Тірлікпен арта түскен берекесі.
Енбектің аркасында әр қазақтың,
Кеңейген әр таң сайын керегесі.

Тойбастар саян құрып бір сенбісі,
Тойтарқа болып кетер ертеңгісі.
Ешкімнің демалатын мұршасы жоқ,
Қазақтың таңғажайып жексенбісі.





ШЕШЕ

Асыл ана бұл өмірде кім бар екен жете алған
өзіңе,
Балаң түгел бүкіл әлем зәру болған сенің дана
сөзіңе.
Керек десен, Каспийдің де түпсіз терең
тұңғиығы жетпейді,
Сенің сырға тұнып тұрған, қарақаттай
мөлдіреген көзіңе.

Шеше десе төрт құбылам теңескендей күйге
түсіп шаттанам.
Ұлжандардың ізін басқан ару ана деп сенімен
мақтанам.
Бәйтерек те, Хан шатыр да керемет боп
көрінбеген мен үшін,
Үш ұлына қорған болып, нұрын шашып тұрса
сендей Астанам.

Тамағыңды барлық кісі жеген сайын сүйсінетін
тамсанып,
Үстеліңе қонақ болып отырғанның бәрі кеткен
шаттанып.
Шуағыңа туыс түгел көршілерің бөленетін
қашан да,
Өйткені, сен мейірімді ханшайым боп алған едің
сайланып.





Сен болмасаң дүрсілдеткен жүрегіміз ешқашан
да соқпаған,
Әкеме де, ұлдарыңа бұл өмірдің уақыты да
тоқтаған.
Гүлдің өзі қанша сұлу болғанымен тікенегі
бар еді,
Бірақ, шеше сен гүлсің ғой сұлу әлі тікенегі жоқ
маған.

ҰЛ ЕДІМ ҰҚСАҒАН ӨЗ АНАСЫНА

Өмірге қонақ болсақ тез қайтатын,
Сағыныш жүрегіңді сарғайтатын,
«Ұл бала анасына тартып туса,
Бақытты болады»-деп ел айтатын.

Аллаға шүкір бұл бақ армандаған,
Көбіне қиял болып бұйырмаған.
«Аузынан түсіп қалған тәріздісің,
Аумаған Тазагүлсің» дейді маған.

Арым бар Сыр елінің күрішіндей,
Өтеді ертеңім де бүгінімдей.
Тазагүл болса дағы менің түрім
Жүрісім әкем Дулат жүрісіндей.

Әкеме ұқсаса да іс-қимылым,
Әр қилы жол болады ашқан сырым.
Көрінсем, бейтанысқа анам құсап,
Ол да менің табиғи томпақтығым.





Өмір өзі жасырсын өз жыртығын,
Осы болар мәңгілік кеткен шығын.
Кіші алса үлкеннің өнегесін,
Фархат ағам тәрізді қырсықтығым.

Біреуге кіндік әкем Марат болдым,
Біреуге жолы қырсық адам болдым.
Көбіне ауыл мені «Сәкен» десе,
Бейтанысқа Тазагүл анам болдым.

Қарайтын өзінің бір шамасына,
Айналған өз халқының баласына.
Бақытты Алла жазса бұйырады,
Ұл едім ұқсаған өз анасына.

ӘКЕ, ТУҒАН КҮНІҢЕ СЫЙ БОП ТУҒАН ҰЛЫҢМЫН

Таңғажайып өмірде бақ пен мұңға кездестік,
Кейбір жақын жандармен қалыптасқан үндестік.
Тосын сый боп туғанмын әке, туған күніңе,
Құнанбай мен Абай да жасай алмаған сәйкестік.

Уақыт алды-артына қарамастан зулаған,
Өмір-теңіз долданып толқынымен тулаған.
Бүкіл әлем қызығып таң қалады өзіңе.
Сафуан да әкесі туған күнде тумаған.

Өзің барда күн санап ай боп, жыл боп өсемін.
Өзің жоқта мен-жұлдыз жанбай жатып өшемін.
Біздің туған күніміз болғандықтан бір күнде





Әке, сені кей сәтте құрдасымдай көремін.

Бәйтерегім боласың терең жайған тамырын,
Айттың, жақсы жағымды, жаманымды жасырып.
Әке, туған күніңе сый боп туған ұлыңмын,
Бұл да, бәлкім тарихта ашылмаған тақырып.

Өзің едің мен үшін Пайғамбардың мирасы,
Сен болмасаң құлазып менің денем қирады.
Өзіңе сый болсам да, менің туған күнімде,
Қарбаласып келеді журналисттер мейрамы.

ЕСІМІМДІ САМРАТ ДЕП НЕГЕ ҚОЙДЫ?!

Әкесінің туған күні келгенде,
Бір ұл туды әке ізін басатын.
Мың адамды мазалаған бір сұрақ,
Түрі бар ғой көкіректе қалатын.
Бірі айтты аты ма деп түріктің,
Өз есімін тасқа қашап жазатын.
Кеме үнді киносында теңізде,
Өз байлығын қызғанам деп бататын.
Бұл-өзбектің есімі деп біреу жүр,
Көрінген бір байға құл боп баратын.
Ауылым жүр, бұл - екінші Сәкен деп,
Іс-қимылы, мінез-құлқы ұқсайтын.
Көршілес ел шешесі деп жүреді,
Беті-томпақ, даусы-қатты шығатын.
Біреу кіндік әкесі деп келеді,
Әрбір күнін есеп-қисап қылатын.
Әдебиеттің алыптары Сафуан,





Деп жүреді тура бетке айтатын.
Самкө, Сезім, жас ақын деп келуде,
Назын айтса сан белестен асатын.
Самкөнай деп жүрді Ержан-Күлбарам,
Еркелеумен ұмытатын шын атын.
Ісін созып, сызылатын Сағыз дер,
Тұла бойдан кемшілікті табатын.
Кәріс атын пайдаланған Ку Сам Ду,
Қылыштасу қышығанын басатын.
Бір басымда лақап аттар көп екен,
Шабыт келсе шаршы топты жаратын.
Енді қанша үнсіз, шыдап жүрейін?!
Кез жетті ғой бұған нүкте қоятын.
Асылбек деп, Нұрсұлтан деп, Ғабит деп,
Бір жұмадай таба алмапты бала атын.
Газет бетін ашса Самрат Жақсыбай,
Журналист жүр ой толғауын жазатын.
Сәкен ағам - өз әкемнің інісі;
Алып болсын әдебиетте қалатын.
Фархат, Самрат бір-бірімен ұйқас деп,
Есімімді Самрат деп ел қоятын.
Поэзия-жүрек, муза-тірек деп жүр ғой,
Өлең жазып дәптер бетін ашатын.
Алдына жан түсірмейді айтыста,
Мыңнан тұлпар болып жыр деп шабатын.
Мерейтойлар болып жатса болғаны,
Мүшайрада бас жүлдені алатын.
Тілші болып еңбек жолын бастайтын,
Өсірем деп ой-толғаудың санатын.
Танылса таң қалмаңыздар түбінде,
Тарих беті жазып жатса шын атын.





ЕЛ СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРМЕ АНАШЫМ

Естіп жүрмін елдің не деп жүргенін,
Дұшпан құсап сырттан келіп күлгенін.
Маған түк те жасай алмас қысыр сөз,
Керек емес өсекке құлақ түргенін.

Жыр жазбасам, мұңсыз өмір сүрем бе?!
Өз жұртымнан лебіз естіп жүрем бе?!
Биік шынға мінгені ғой балаңның,
Жайдан жай кеп ел аузына түсем бе?!

Шабыттансам, жыр төгемін шелектеп,
Өмір өзі шыңдап жатқан бір мектеп,
Асыл ана түсірмеші еңсеңді,
Көреалмаған кісің жүрсін өсектеп.

Ана, қане дана болып өзгерші,
Мені таптың, дарыныма ең берші.
Құрсағыңда көтердің ғой тоғыз ай,
Енді, бүгін айтқан сөзін көтерші.

Қорықпашы, дақ түспейді даңқыңа,
Сенен ақын туды қане, жарқыра.
Артық шығар қыз боп туа салғаным,
Аты шулы ұл болмасам халқыңа.

Жырым кейде шындық айтып жүгірген,
Жағымпаздың әр ісіне түкірген,
Маңдайыма ақындықты жазған соң,
Бәрін Алла таңдайыма түсірген.

Жерлестерім қадірлейді ақын қып,
Туылсам да бұл жалғанда қырсық боп.





Қазақстанның оңтүстігін жырлатқан,
Сенің балаң жыр авторы Құскенов.

Ақ батасын беріп тұрса алашым,
Әлі талай бағынады биік шың.
Ғайбат сөздің шындығы жоқ, бастысы,
Ел сөзіне құлақ түрме анашым.

АНА-АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Әр үйде бір алтын қазық болады,
Ессіз оны іздеп әлек салады.
Таба алмай біраз иттей болады,
Өз жанын жеп бармақ тістеп қалады.

Біреулерге байлық алтын болады.
Ал біреулер алтын деп даңқ алады.
Кейбір жанға ақша алтын болады.
Ал, басқасы алтынға қызын балады.

Саған бәлкім алтын деген лауазым,
Өсемін деп біраздың артын жаладың.
Менде алтын бар, ол Алты Алашым,
Билікті сүйіп, алайып елге қарадың.

Қойшы бәрін, құрып кетсін барлығы,
Заман болды тынысымның тарлығы.
Алтын қазық-ана деген асыл жан,
Мен айтпадым, бұл-Тәңірдің жарлығы.





Өмірдегі сары алтындай ардақтым,
Данышпандай ақылын айтар салмақтым.
Құламаса менің алтын қазығым,
Тұлпар болып бәйгеден қалмай сан шаптым.

ҚОС ҚАНАТЫНДЫ ҚАҚ, ҚЫРАН!

(Иса Әлимұсаевқа)

Бар қиындықтан
Өзегі шыққан,
Шын дарын сенің бойыңда.
Шыдамдылықтан,
Бәрін де жыққан,
Тым биік шың тұр ойыңда.

Бағдары айқын,
Дауысы алтын,
Табиғи дарын боласың.
Эстрада жарқын,
Сахнасы салқын.
Қызыққа талай толасың.

Жүгіріп келіп,
Сүрініп кетсең,
Қаймықпа оған бауырым.
Өнерді сүйсең,
Қастерлеп жүрсең,
Көресің жеңіл-ауырын.

Қарсыластарың,
Замандастарың,





Ілеспей қалсын шаңыңа.
Ән деген бақыт,
Тербеткен шабыт,
Бақ болып толсын маңыңа.

Бүкіл ел сүйген,
Сұраумен жүрген,
Сүйікті әнші боларсың.
Бар әлем білген,
Назарға ілген,
Замандас, бізден озарсың.

Жетістігіңе,
Биіктігіңе,
Қызығып қарап қызғанам.
Беріктігіңе,
Жігерлігіңе,
Тілектес болып жырланам.

Етекгі жина,
Тек алға, Иса,
Қос қанатыңды қақ, қыран!
Күйшіміз Дина,
Сазгер Нұрғиса,
Ізінен ерген жас қыран.

Өзіңе сенем,
Тілеумен келем,
Қамшыла қане арыңды.
Жүрекпен сезем,
Екінші Сәкен,
Аямай сал, шыңдап барыңды.





ЖҮЗІ – ЖАРҚЫН, ЖҮРЕГІ –НӘЗІК АРУ

Нұр тұнып тұрғандай-ақ езуіне,
Күлгенде жарқыраған меруерт тісі.
Шабыттың себеп болған келуіне,
Арайын төгіп жатқан басқан ізі.

Түпсіз терең тұңғиық мөлдір көзі,
Құдірет бар сыр тұнған жанарында.
Оюланып тұрғандай қастың өзі.
Не тылсым күш бар екен қабағында.

Қызарған шиедейін еріндері,
Балдай дәм жасырылған таңдайына.
Түсетін шуақтанып күн сәулесі,
Бір бақыт жабысқандай маңдайына.

Бұл өмірдің ғажабын іздегендер,
Жасырылған арудың қадамында.
Сұлулықтың қадірін білмегендер,
Тапталатын сұлудың табанында.

Қылығына тамсанып отырасың.
Елжіретіп жаныңды майысқанда.
Амалсыздан сөзіне қосыласың,
Әр ізімен даналық танытқанда.

Көрсетіп алған тәлім-тәрбиесін,
Ибалы мінезіне сүйінесің.
Ұғынбасаң ішкен жан дүниесін,
Қадірін білмедім деп күйінесің.





Бір көргеннен айрылмас, кадалған көз,
Барымызды сол жаннан аямайық.
Ар мен удан құрылған киелі сөз,
Аруларды қастерлеп аялайық.

Сымбатты келбетімен көңіл аулап,
Қымбаттыма айналған жыр-дастаным.
Шашымен әкететін жүрек жаулап,
Көркіне ақылы сай асыл жаным.

Бір мезетте айналған арай таңға,
Сен едің намысыма болған қару.
Мәпелеп салам сені алақанға,
Жүзі-жарқын, жүрегі-нәзік ару.

СӨНДІРУЛІ НӨМЕРІҢ

Ұға білсең жүректің түпкі сырын,
Бір өзің деп жаздыртпай әрбір жырын.
Сөндірулі нөмерің керек емес,
Керегі ерніндегі тәтті шырын.

Сенен басқа аруды сүйе алмаймын,
Дауысыңды естімей жүре алмаймын.
Байланыс аясынан тыс жердесін,
Бір рет болсын тілдеспей күле алмаймын.

Бас айналса сезімде мастық еді,
Жана нөмер беруің шаттық еді.
Сұхбаттассақ желіде жазғаныңнан,
Сөйлегенің мың есе артық еді.





Айналдың ба өткеннің елесіне?!
Міне көрме басқаның кемесіне.
Сөндірулі нөмерің аландатты,
Зәру болсам беретін кеңесіңе.

Жан сырымды түсінбей өрлегенің,
Ішкі жан дүниемді көрмегенің,
Сөндірулі нөмерің сан соқтырды,
Сағындырып әдемі сөйлегенің.

Естен талам бетпе-бет көрсем сені,
Бұл да енді сезімнің төрлеткені.
Сөндірулі нөмерің түсіріп тұр,
Ешқашанда түспеген бар еңсені.

ҰЙЫҚТА, СЕНІ ТЕРБЕТСІН ТҮНГІ АСПАН

Әдемілік жүзіңе тұнған қару,
Арманыма айналды саған бару.
Сұлуларға жарасса ұйықтағаны,
Көзінді жұм, ұйқыға батшы ару.

Сен ай болсаң нұрыңды шашып тұрған,
Мен жұлдызбын қасыңда жанып тұрған.
Ақ мамық боп төселсең төсек салып,
Жамылатын көрпемін бірге тұрған.

Қатып тұрып ұйықташы, түк те сезбей,
Көкжиектен шығатын күнге сенбей.
Ертегідей ғажайып түс көргенде,
Сол түсіңе енейін әлем кезбей.





Жандар едік бақытпен қырдан асқан,
Құштарланып жазылды көңіл-дастан.
Іңкәр сазым әуенге ырғақ қосып,
Ұйықта, сені тербетсін түнгі аспан.

ЕҢ БАСТЫСЫ ІШКІ ЖАН ДҮНИЕҢ СҰЛУ

Сұлулық сенен талап етілмейді,
Бақыттың гүлі одан егілмейді.
Жүзінде иман болса әдемісің,
Мінезің көрік беріп есірмейді.

Бояна бер бақтың кілті онда емес,
Қолыңды жеткізбейді асу-белес.
Қазақы тәрбиенің ғой маңыздысы,
Қалғаны бос қиялмен тұнған елес.

Сәнденсең сені жігіт бағалайды,
Жаныңды бірақ аямай жаралайды.
Адамның сыртындағы сұлулығы,
Көз алдап тұла бойды паналайды.

Әдемілеу сыртыңды бос әуре ғой,
Маңыздысы ішкі жан дүние ғой.
Сұлулықты қайтесің денің сауда,
Тәкаппарлық түбіне жетеді ғой.

Аулақ бол, қалқам көрсеқызарлықтан,
Бойыңды әрі ұста іштарлықтан.
Қызықса сұлулыққа дүниекоңыз,
Тыс қалған көзалданыш мол байлықтан.





Махаббат-түсінісіп жырлап тұру,
Сыйласып бір-бірінің сырын ұғу.
Жар қып алсам өзіңді нұр төгетін,
Ең бастысы ішкі жан дүниенің сұлу

КҮЗГІ ҒАШЫҚ ЖАННЫҢ СЫРЫ

Жүрек сені сағынғасын сарғайған,
Сыз жара боп кеудеме кеп дерт жайған.
Өзің жоқ та байқағаным өмірден,
Жалғыздықтан басымнан да бақ тайған.

Ғашықтарды тоңдырам деп күз келген,
Күн суытпай бұл ісіне кім сенген.
Өзінмен бір боламын деп келемін,
Көшені де сен шықпаған ой кезген.

Жапырақ та бара жатыр сарғайып,
Жерге түскен жүректегі сыз жайып.
Сұлулығын сен болмасаң сезбес ем,
Көңіл датын кетсе дағы су шайып.

Құстар болса жылы жаққа қайтады,
Қоштасарда елге назын айтады.
Қос жүрек те сол секілді байқасаң,
Кездесерде еркелеп наз айтады.

Екеуіміз ажыраспасақ болғаны,
Арамызға келген бақтың толғаны.
Екі жаққа кетер болса жолымыз,
Махаббаттың гүлінің бір солғаны.





СҰЛУ БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?!

Бір сыр тұнып тұрғандай келбетінде,
Сенен асқан сұлу жоқ жер бетінде.
Бірақ, шеттен шығамын, анам сұлу,
Арай шашып тұратын әулетінде.

Сұлу болғың келе ме мені тыңда,
Бетауы жоқ боянып, түспен тынба.
Жүкті әйел-әлемнің ең сұлуы,
Сен арқылы таралсын ұрпағым да.

Ол үшін жаным маған тұрмысқа шық,
Осылай шаттық құрған бүкіл ғашық.
Қарнында теуіп бала жатса бақыт,
Арманға шалқасынан есік ашық.

КЕШКІ ҚАЛА

Кешкі қала-жастардың саябағы,
Қос ғашықтар бір-бірін аялады.
Құлағыңа жағымды ән естілсе,
Бақ құсының иығына таяғаны.

Күннің көзі нұр шашып шаршағандай,
Өз ұясына қызарып батады ғой,
Алдан соққан ескен леп шарлағандай,
Кең даламыз салқындап жатады ғой.

Жапырақтар шайқалған ағаштағы,
Махаббаттың бесігін тербетеді.





Еңсіп тұрған самал жел сезім бағы,
Көңіліңе солмайтын гүл егеді.

Әдемілік көз тартып сезіледі,
Ой-санаң да әсерге беріледі.
Бір демалып ішкі жан дүниенмен,
Елге деген күдігің сейіледі.

Үміт отын жақтырған кешкі қала,
Жоғалмайтын байлығым деп бағала.
Таза ауа кеңейткен тынысыңды,
Сұлулығын серуендеп тамашала.

МАХАББАТ АУЫЛЫ

Ғашықтық сүйе білсең мұң екен ғой,
Адамзат жүрегіне құл екен ғой.
Ішкі жан дүниеміз ақтарылса,
Ғажайып күннің бәрі түс екен ғой.

Үнсіздік-ғашықтықтың тілі емес пе?!
Сыйластық-қос жүректің үні емес пе?!
Қырсықтық-шын сүйгенге сынақ болса,
Бақыттың салып кеткен ізі емес пе?!

Құлаған соң өсектің дауылынан,
Көрінбейміз ғашықтар қауымынан.
Құра алмаймыз киелі шаңырақты,
Орын алып махаббат ауылынан.





Арманымыз бір баққа қонуымыз,
Қос жүректі бірігіп қосуымыз.
Түсіністік болмаса арамызда,
Екі талай бақытты болуымыз

Санамды тұман басты, атса таңым,
Өткенді сағынышпен аңса, жаным.
Желіде сыр ақтарып отырсақта,
Өмірде бейтаныспыз кешір жаным.

ЕСІМНЕН ШЫҚ

Қалдым ба сүймесем де бауыр басып?!
Бойымда қанаттанған шабыт тасып.
Жат болып кете бардық екеуіміз,
Талай рет отырсақ та, біз сырласып.

Уақыт деген өтеді дөнгеленіп,
Мұңды адам бірнеше түрге еніп.
Кет ойымнан, енбеші түсіме де,
Сені ойлап жүрек тұр кімге сеніп?!

Қашан естен шығасың ұмытылып?!
Жібересің әйтпесе жынды қылып.
Махаббатта жатпайды ұға білсең,
Сезім деген айрандай ұйытылып.

Бір үміт бір бағыттан айрылмайды,
Бақ құсы қанат қақса қайрылмайды.
Адамның махаббаты аяқталса,
Дастаны ешқашан да таусылмайды.





Мазамды ала берме асыл жаным,
Сол еді бір өзіңнен жалыққаным.
Кет, ойымнан енбеші түсіме де,
Осы болар бір мұңнан арылғаным.

Бақытты шағымызды өлең қылдық,
Бірақ та қош айтысып жолға шықтық.
Өткізген балдай сәтті ұмыт қыл да,
Санамды билеп алмай есімнен шық,

ХАБАРЛАМА ЖІБЕРМЕ

Сен жүрсің сезімімді бағаламай,
Менімен жырдың бағын араламай,
Айқара құшақ аштым аңғармасаң,
Жөніңмен жүр, жанымды қараламай.

Құлай сүйем бірақ та сені қалқам,
Сенсіз қалай ағарып таңым атқан?!
Ғашық болып көрмеген сорлы жандар,
Кедергі боп жолымды талай жапқан.

Ал, сен мені неліктен түсінбедің,
Өзіңше боп бұныға күйінбедің.
Сенен жырақ жүруге ұмтыламын,
Анық-қамын білуге жүгінбедің.

Хабарлама жіберме керек емес,
Алынса да өзіңнен ақыл-кеңес.
Жүрегімді тілімдеп тастаған соң.
Шын махаббат мен үшін бұлдыр елес.





Шынайы сезім енді қорланбасын,
Көңілім қалай сенен қорғанбасын.
Жүрегің жүрегіме хат жазбаса,
Желіде хабарлама жолданбасын.

Хабарлама жіберме өтінішім,
Арта түсті өзің деп өкінішім.
Көргің келсе бейбақтың көрінісін,
Орындалмай қалады өтінішім.

ҚАЙ ЖЫЛҒЫ ҚҰРДАСЫҢЫЗ

Сізге ғашық жүрегім нені көрмек?!
Өзіңізге әрдайым көңіл бөлмек.
Қыздың жасы он сегіз десеңіз де,
Бетіңізге салынған ою-өрнек.

Еркелейсіз, баладай шаттанасыз,
Бірақ, менен неліктен жасқанасыз?!
Ұядай болып тұрмай ма құшағыңыз?!
Көше қаңғып қалсам да баспанасыз.

Аттап көрген емеспін шарифаттан,
Бас тартпаймын ешқашан ақиқаттан.
Бір түн жазса мың бір түн ертегісін,
Аумап тұрсыз өзіңіз Шехризаттан.

Тылсым дүние сыр ашып бұлқынады,
Сезімге де жан бітіп жұлқынады.





Өзіңіше боласыз, қырсығасыз,
Бәрібірде көнесіз, не тынады?!

Бұзғандай өмір деген тойдың шырқын,
Кеудемде дүрсілдетіп жүрген жылқым.
Табынға қосылмастан сізге барды,
Қай жылғы құрдасыңыз, ерке сылқым?!

БҰРЫНҒЫ МАХАББАТЫМ

Не үшін ажырастық?!
Түсіне алмай жүрмін.
Өтеді мәнсіз жастық,
Үйрене алмай жүрмін.

Өзінді ойлатасың,
Өткенге өкіндіріп.
Сезімге бойлатасың,
Жүрекке түсіндіріп.

Өзіңе қайтып барсам,
Болмайды баяғыдай,
Көгерер менің арқам,
Бақыттың таяғыдай.

Саябақта қалып қойды,
Біздің бал күндеріміз.
Бір сәтте көзін жойды,
Өткізген түндеріміз.





Басылды жүрек-перне,
Жазылған асқақ атың.
Есіме түсе берме,
Бұрынғы махаббатым.

ЕКЕУМІЗДІҢ АТЫМЫЗДАН БІР ӨЛЕҢ

Хат жазайын ғашық жүрек жолдаған,
Ақ ниетім әр ісімді қолдаған.
Дем аламын әрбір айтқан сөзіңнен
Иісің жұпар ақын ойын толғаған.

Шамам келсе тоңқарамын жер бетін,
Арай шашып нұрланғанда келбетің.
Серісінің бабын тапқан пендесің,
Ақ арманның жыр бесігін тербетіп.

Мұңмен талай, бақпен талай сырластым,
Раушаннан да әдемісің қымбаттым.
Асыл затым өзіңменен біргемін,
Тағы бүгін бал сезімді жырлаттым.

Хабарласып тұрамыз ба ғашығым?!
Сен болған соң алшы түсер асығым.
Екеуміздің атымыздан бір өлең,
Махаббатқа айтсам ойдың ашығын.





БІР ЖҮРЕКТЕ БІР АДАМ

Екі жанды бірдей сүйе алмайсың,
Сезіміңді бір үмітпен жалғайсың,
Сұлулықты тек алыстан арбайсың.
Ал, екеуін оңдырмастан алдайсың.

Көңіліне қарап жүру, от басу,
Мейірімнің ең негізі, достасу.
Турасын айт, бауыр басып қалғанша,
Махаббаттың жаман жері қоштасу.

Өткен күнді ала берме есіңе,
Еске түссе өкініш бар, әрине.
Өкінгеннен қайтып барсаң алдына,
Қарайсың-ау, қалай оның бетіне?!

Жауапты бол, айтқын келсе сөзіңді,
Жеткізе біл бал сезімге көзіңді.
Әдемілік мерзімі бар құбылыс,
Ең алдымен ойлау қажет өзіңді.

Махаббатпен ойыншық қып ойнама,
Ғашықтықты жеңілтек деп ойлама.
Бір бастасаң, ортасынан тастама,
Әлсіз болсаң, жұптасуды қозғама.

Ақымақтық шын сүйгенді қорлауың,
Қаламаған нәрсеңді де қолдауың.
Сол арқылы өзің де бір сорлайсың,
Біле тұра, ойыныңды қоймауың.





Ал, махаббат кешірмейді бұныңды,
Қанша жылап айтсаң дағы мұныңды,
Ойлап жүру керек алды-артыңды,
Түсіргенше ар алдында құныңды.

Екі жүзді болғандарға таң қалам,
Мен неліктен алаяққа тамсанам?
Қос ғашықтар екі жарты-бір бүтін,
Бір жүректе тұру қажет бір адам.

МҰҒАЛІМГЕ ҒАШЫҚ ҚЫЗ

Жүрегінде ұшқын пайда болды ма?!
Сана-ойың өз жасыңнан озды ма?!
Сүйген серің аяқ-асты үйленіп,
Басқа жанның бағына қарай қонды ма?!

Мұғалімнің қай жеріне қызықтың?!
Дәріс алып сезіммен де шынықтың.
Махаббатың оянған екен қай парда?!
Мен бұныңды, ұғынбадым қылықтым.

Сезім болар ғашықтықтың тұнуы,
Өкініш қой бақ құсының ұшуы.
Түсінгенім бұл заманның талабы,
Колледждегі махаббаттың сұлуы.

Бағаменен өлшенді ме сезімің?!
Бір жүректен орын табар есімің?!
Бір жыл бойы іштей сүйіп тұнғаның,
Мұғалімнен жоғалды ма сенімің?!





Өзің де бір жас мұғалім болыпсың,
Тәлім берер мекеніне коньпсың.
Ұстазына ғашық болып қалған қыз,
Жүректегі сезімді қалай жойыпсың?!

Адам өмір сүре алмайды жарықсыз,
Махаббатқа бәріміз де қанықпыз.
Ал, өзіңе ғашық болса оқушың,
Не қыласың мұғалімге ғашық қыз?!

ИНСТГРАМДА ОТЫРАТЫҢ АРУҒА

Лүпіл үшін көрсетесің тәніңді,
Лүпіл үшін қаштырғансың мәніңді.
Ертеңіңді ойладың ба, сұлуым?!
Лүпіл үшін келтіргенше сәніңді.

Бізге қарап тәрбиеленер жас ұрпақ,
Бірақ бұны айтсам дағы кім ұқпақ?!
Инстграмда ашық-шашық киінген
Қызды көріп қайғыдан жүрек у жұтпақ.

Бірі-мысық, бірі-ит боп майысқан,
Жұлдыз болу мақсатында жарысқан.
Лүпіл үшін бәріне де барған жұрт,
Селфи жасап өлімменен алысқан.

Таусылмай ма сұлу қыздың қиялы?!
Түсінбедім, ойына нені жияды?!





Қолымызда болғанымен зиялы,
Ұлтымызға тиіп жатыр зияны.

Ғаламторда қыз етегі түрілді,
Сол мезетте үміт жібі үзілді.
Құдай беріп тұрса жүрек лүпілін,
Не қыласың мәнісі жоқ лүпілді.

Өтінерім, ұятсыз сурет қоймаңдар,
Қазағымның ой-санасын жоймаңдар.
Инстграмда танымал бол, бәрібір,
Қайран қыздар келер күнді ойлаңдар.

ӨТКЕНГЕ ҰҚСАМАЙЫҚ

Өткенге ұқсап баксаң өмір мәнсіз,
Өкіне бергендіктен жүрек әлсіз.
Ағысқа қарсы жүзсең шыңдаласың.
Сынақсыз жалған дүние қалған сәнсіз.

Өткеннің мәнін тапқан түсіндірсін,
Тұлпардай шапқан тұяқты сүріндірсін.
Сарғайған сағынышты қозғай бермей,
Болашақ бағытында күліп жүрсін.

Адамның ұзатылса ғұмыр жасы,
Бақытқа куә болып жұмыр басы.
Сағаттың тілі алға жүргізілмес,
Арғында қалса өмір мағынасы.





Өткенді аңсаған да үлкен бақыт,
Бойынды тулатады келген шабыт.
Болашақ ақырындап өткен уақыт,
Түбінде өзің жансыз жатқан табыт.

Өткен күн жоғалды ғой, бүгін сағым.
Қадірін білмей, бастан ұшқан бағым.
Қозғаса жүрегімнің сыз-жарасын,
Өткенге әкете ме өмір-ағын?!

Қойшы бәрін екеуміз жұптасайық,
Қос жүректі қалам қып ұштасайық.
Құшағыма кірген соң құлпырасың.
Сондықтан да өткенге ұксамайық.

ЖАЗСАМ, ЖАУАП БЕРМЕЙСІҢ НЕ СЕБЕПТІ

Кейде қоғам тастайды мені шектеп,
Аңғарғаным ешкім де елемепті.
Нәзік жүрек жатқанда ойын тербеп,
Жазсам, жауап бермейсің не себепті?!

Маған мейлі, бағала, бағалама,
Жүрегімді әйтеуір жаралама.
Өзіңмен араласқым келгендіктен,
Көңілден жолданады хабарлама.

Мен сенен жауап күтем сұрағыма,
Айналып шабытымның бұлағына.





Талай рет телефонды шырылдатам,
Байланып байланыстың тұрағына.

Өмірде тосқан жаман әрқашанда,
Сабырлы бола алмаймын ешқашанда.
Жазсам, жауап бермейсің не себепті?!
Үнтаспаңды күтемін мен қашан да.

Қашықтық алыстатты арамызды,
Сағыныш сарғайтады санамызды.
Шіркін-ай, Қазақстанның жері кең ғой,
Шексіздік паналаған даламызды.

КҮЛКІҢДЕ ҒАШЫҚ БОЛЫП ТАМСАНАМЫН

Сен күлсең, ұмытылып барлық уайым,
Бақытқа кенелгендей жалындайын.
Нұр шашып аралайланса туған айым,
Жолында құрбан болып жаным дайын.

Жүрекпен мені әр кез күнім деші,
Жұлдызы көп әдемі түнім деші.
Қызарып күн батса да батысыңа,
Шығыстан шыққан күндей күлімдеші.

Күлгенің ой-санамды жаңартады,
Қартайған көңілімді жасартады.
Сұлуға күлу ғана жарасатын,
Мұң жапқан қабағыма бақ артады.





Зулайды қос қанаттап қыран уақыт,
Серіге әдемілік бітпес жақұт.
Жылаған дауысыңды естігенше,
Бақылдап күлгенінді есту бақыт.

Шикылдап күлсең болды маған шаттық,
Осылай зырылдайды қайран жастық.
Күлкінің естимін деп үн таспасын,
Желіге байланысып жанталастық.

Білмеймін, күлгеніңе шаттанамын,
Сонымен болашаққа аттанамын.
Күлкіңе ғашық болып тамсанамын,
Бақыттан бас айналып шаттанамын.

БІЗГЕ БЕРСЕ КИНОНЫҢ МАХАББАТЫН

Байлықтан да бас тартам өзің үшін,
Сен деп келем арқалап сезім жүгін.
Бізге берсе киноның махаббатын,
Қыр соңында жүгіріп өтер күнім.

Бір қосылып, енді бір ажырасып,
Кеудемізде тұратын шабыт тасып.
Бізге берсе киноның махаббатын,
Ең соңында жатар ек қырдан асып.

Жұбымызға қарсы боп ата-анамыз,
Қол ұстасып жүруге жасқанамыз.
Бізге берсе киноның махаббатын,
Жүрек болып тұрмай ма баспанамыз?!





Қайғырамыз біз бірге жүрмейміз деп,
Сүйірамыз сүйсек те сүймейміз деп.
Бізге берсе киноның махаббатын
Көңілдеспен кетер ем бақыт іздеп.

Мән бермейік жауапсыз махаббатқа,
Сатынбайық көз алдар лақап атқа.
Үлгі қылмай киноның махаббатын,
Жүтпейік шынайы махаббатқа.

ЕКЕУМІЗГЕ АРНАЛҒАН ӘН БЕ ОСЫ

Теңіздің жағасында өскен сұлу,
Жүзіннен төгілмей ме маған жылу.
Сезімді шын ниетпен қабылдасаң,
Арманым бір өзіңді ханша қылу.

Жүрекке жетіп жатқан өлеңдері,
Аян боп өмірінің өткелдері.
Аптықта ойлануға уақыт берші.
Өзеннің жағасында өскен сері.

Жүрегіме жазған ем есіміңді,
Қорламаймын ешқашан сезіміңді.
Еркелеген өзенге мұн шақсам да,
Толқындатам шабытпен теңізіңді.

Махаббат теңіз емес, өзен емес,
Сезімді бағалайтын суда емес.
Бастысы тіл табыссын жүрегіміз,
Мұхит та келергі боп тұрған емес.





Бір ән кетті көңілге нұр себетін,
Бір ән кетті жаныма гүл егетін.
Екеуімізге арналған ән бе осы,
Әуен шықса қос жүрек үндесетін.

ГҮЛДЕН

Құлпыр, жайна, жанымды елжіретіп,
Сені көрсем кетейін еміреніп.
Әкетесің көңілді елеңдетіп,
Жүрек тулап кеудемде тебіреніп.

Енді қанша жүресің мұң жамылып?!
Мөлдіреген көзіңнен жас ағылып.
Өзіңді өзін күткенің дұрыс болар,
Тұру қажет жүзіңнен нұр шашылып.

Нұрлан, саған тамсанып қарайтындай,
Жарқырап жүр жұлдыз деп санайтындай.
Тағдыр деген гүлзардан сатып алған,
Нәзік гүлге өзіңді балайтындай.

Сырынды тұла бойға меңгерейін,
Тәніңді іңкәрлікпен тексерейін.
Жаныңды гүлдендіріп жіберейін.
Өзіңе әрқашан да мән берейін.

Әх, ұялы телефонмен хабарласып,
Келейін ұяң қызбен дидарласып.
Гүлден, сенің қақың бар гүлденуге,
Жан-жүрегің нұрлансын арайланып.





СОҢИҢ АТЫҢ ЖАЗУДЫ ЖҮРЕГІҢДІ

Жалған үміт тасы да алғайды ма?¹
Байламыштың жібін ақп қыяғайды ма?²
Екінші рет жосады тағдыр иеге?³
Болжым бізге бір бақыт қалмады ма?⁴

Жосымыз да өкіре айрылды ма?⁵
Қос жүректі бап бөзім тас қыпты ма?⁶
Тағдыр айдап жасөз жұп болуға,
Бірақ, құлақ біздері жет қыпты ма?⁷

Сауалдарым жауапсыз қала берді.
Махаббаттым таласыз бола берді.
Ізек құрсының қызығы зобден танып.
Уайым-қайғы жүрсеніз тона берді.

Өзін үшін құрбан боп өле түсем.
Жүрегіңнің иесі деп жырлап жүрем.
Екі аяқта жүрсек те сені әр иез.
Өміріңнің соңына дейін сүйем.

Жестер, жазып ақпуде қимнн әлі?⁸
Келіссөзіңіз өкпегіз болжым, әлі.
Аққарының келіссөзіңіз, ике-асты.
Еңді біздің сен айтып қым кісімі?⁹

Шың сүйгенім, жаным деп көр салғаным.
Әр тәң сайған сен үшін биптағаным.
Сөзің-өзің жазуды жүретіміс.
Пайымыңда да жүректің тас-талқаның.





ЖҮРЕГІМДЕ МӘНГІЛІК САҚТАЛАСЫҢ

Махаббатты түсіне алмай келем,
Бірақ, өзім сезімді мақтан етем.
Қаламасаң қалама жүрек сүйсе,
Бір өзің деп әлемді шарлап кетем.

Сүймесең, сүйме саған жалынам ба?!
Өзің деп теңіз болып тасынам ба?!
Сүйсең, сүй қадір тұтып жүремін деп
Ханшайым қылып бәлкім бағынам ба?!

Байқамасаң, байқама сезімімді,
Сенімсіз болсаң, артпа сеніміңді.
Жүрегіңнен бір орын бермесең де,
Жүрегіме жазғанмын есіміңді.

Мен сені жылдар бойы іздегенмін,
Басқаның сеніміне кірмегенмін.
Өзіңді кездестірем деп жүргенде,
Қаншама уақыт өтті білмегенмін.

Дәм-тұзымыз жараспай қосылмадық,
Екі жүрек сырласып отырмадық.
Тіл табыса алмадық амал қанша?!
Жалғыздықтан екеулеп жойылмадық.

Үмітім боп бір күні ақталасын,
Махаббатқа асықпай бапталасың.
Қарамасаң, қарама өз еркінде,
Жүрегімде мәңгілік сақталасың





ТІЛІМ-ШОРҚАҚ БОЛСА ДА, ЖҮРЕК ІҢКӘР

Ойым жүйрік болғанмен тілім-шорқақ,
Тісім кетік болса да бетім томпақ.
Түсінікті болмайтын сөзім содан,
Қайталай беруім де қылмыс болмақ.

Махаббат тілсіз қылып ғашықтықты,
Өзіңе жүрегімді алып жықты.
Аузыма нақты сөйлеу бұйырмаған,
Құдайым бергенімен ақындықты.

Жүрегің жүрегімді ұқса болды,
Сенімің сезімге нұр құйса болды.
Үнсіздік-қос жүректің символы ғой,
Көңіл де аппақ қардай ұлпа болды.

Сөйлесем, тілім кетер шұбырланып,
Жырласам ойым кетер хақты танып.
Бетпе-бет көріскенде тілдесерміз,
Үмітпен ғашықтардың оты жанып.

Үндемей қалықтайды көкте сұңқар.
Тілі жоқ, бәйге алар шапқан тұлпар.
Солардай болмасам да, ұқсап бағам,
Тілім-шорқақ болса да, жүрек іңкәр.





СҮЮ ҚАЖЕТ

Біреуді құлай сүю бақыт екен,
Барлығын дәлелдейтін уақыт екен.
Бәрібір жүрегіңді жаралайтын,
Махаббат жырға толы шабыт екен.

Мейірім төгу үшін сүю керек,
Ғашықтық бал сезімнен берген дерек.
Өмірде кешірімді болу үшін,
Көңілің махаббатқа болсын зерек.

Үндемей-ақ сүюге болады ма?!
Адалдығым бәрінен озады ма?!
Адамзатқа шынайы сүю қажет.
Бірақ тағдыр сол жұпты қосады ма?!

Өзіңді түсінгенді сүю қажет,
Асыл деп қадір тұтып өту қажет.
Сыйластық тұнып тұрса, достық болып,
Талғамай сол кісінді сүю қажет.

Пәк сезім ойыншыққа айналмасын,
Мол сенім махаббаттан тыс қалмасын.
Көз соқыр, тас құлақ боп сүю қажет,
Өсектен бақ ыдысы шайқалмасын.





НЕГЕ СОНША ҒАШЫҚТЫН?! ТҮСІНБЕЙМІН.

Бір қыз ойдан ешқашан шықпай қойды,
Он ай өтті жүректің сүйгеніне,
Өктем мінез бір сәтте ізін жойды,
Уақыт куә от болып күйгеніме.

Көңілімді жаулаған іңкәр сезім,
Дауысыңды естісем күлімдеймін.
Аңсатады сол қызды көрген кезім,
Неге сонша ғашықпын?! Түсінбеймін.

Асыл арман барады бос қиял боп,
Ғашықтықтың айтылмай ақ тілегі.
Дұрыс айтқан Төлеген Айбергенов,
«Ақындарды махаббат өлтіреді.»

Енді қашан жұптасып табысамыз?!
«Иә», «жок» демей жатсаң да күнім деймін.
Сырласуға әрқашан асығамын.
Неге сонша ғашықпын?! Түсінбеймін.





ІҢКӘР ЖҮРЕК

Сен деп соққан жүрекпен дала кездім,
Сен жоқ жерден мән таппай бірден бездім.
Сен қасымда жүрмейтін болғандықтан,
Солтүстіктің суығын жаңа сездім.

Сен маған Есіл болып еркелесең,
Мен саған толқын соғар Каспий болам.
Лайықты жұп болармыз кел демесең,
Ер жігіт болсам дағы гүлдей солам.

Тағдыр ма сені маған кезіктірген?!
Енгізген махаббаттың сеніміне.
Көңілің көңіліме ерік берген,
Бақытсың жас жүректің сезіміне.

Бес жастағы қыз құсап күлгенің-ай,
Қылығыңмен бадай боп жүргенің-ай.
Айға қарап өзінді елестетіп,
Терезеден түнді де сүйгенім-ай.

Түсінгенім арамыз жер мен көктей,
Күзден кейін келмейді бізге көктем.
Іңкәр жүрек өзіңе құштарланып,
Есімінді жұлдыз қып табам көктем.

Ие болармыз біздер де лақап атқа,
Іспен, сөзбен салынған парасатқа.
Өзім қызбен қорқамын достасуға,
Достық соңы ұласар махаббатқа,





Бірігіп екеуіміз қыр асайық,
Желіде отырғанда сырласайық.
Достық та, махаббат та керек емес,
Әпке мен іні болып сыйласайық.

СЕНДЕ КӨКТЕМ, МЕНДЕ ҚЫС

Мінезіміз ұқсас боп көрінсе де,
Мезгіліміз неліктен сай келмей тұр?!
Сенің елің шуаққа бөлінсе де,
Менің елім суыққа мән бермей тұр.

Жарасқанмен таусылмас әзіліміз,
Екі түрлі болып тұр өніріміз.
Табиғатқа жүрмейді әміріміз,
Нұрланса да жайдарлы көңіліміз.

Сен теңіздің толқынын мақтап жүрсең,
Мен өзеннің ұйқысын бұза алмаймын.
Маужыраған таңыңмен бірге күлсең,
Жыр жолдарын аязбен құра алмаймын.

Ойымды бүлдіргенде ауа райы,
Сен мені қызықтырып көктем дейсің,
Күлкінде тұнып тұрған таң арайы,
Смайликпен нұр-шуақты төккендейсің.

Қаһарлы қыс, жаурады менің жаным,
Сұлу жүзің жүректі жауласа да,
Қосылған қас барады қырауланып,
Қиғаш қасың жанымды ауласа да.





Тіл табысып жатсақ та, екеуіміз,
Табиғаттан көрінбес балдай қылық.
Бір мемлекет болса да мекеніміз,
Сенде көктем менде қыс қандай қызық?!

ЖҮРЕГІМДІ ЖҮРЕГІҢМЕН ҚАБЫЛДА

Қамалғандай ғашықтықтың торына,
Бақ ауысты пәк сезімнің сорына.
Сені көріп түсіп кеттім аңдымай,
Қазып қойған махаббаттың орына.

Қол ұстасып жүрейік жыр бағында,
Қос жүректің, енді, қане жалында.
Бір құшақ гүл мың жұлдызға ұқсап тұр,
Ай туғандай сенің қолаң шашыңда.

Өтінбеймін сүй деп, өзің сүймесең,
От боп жанып ғашықтықтан күймесең.
Жүрек әмір жүргізбейді, өйткені,
Көңіліңе сезім ойын түймесең.

Бірақ, мені сүйетінің белгілі,
Аузың жоқ деп, көзінде бір ұшқын тұр.
Жұп болармыз бар әлемге әйгілі,
Ақ тілегін жолдап туған жұртым тұр.

Қолыңды бер, қос алақан жабысып,
Іштегі ой, сезім кетсін алысып.





Бақытты қан тамырымен сезейік,
Жүректердің дүрсілімен жарысып.

Жүрек болса лүпілдейді кеудемде,
Дүрліктіріп шығарғандай есімді.
Дүкіретіп той көтерер еңсем де,
Сүйген сайын дірілдетсе ерінді.

Ғашықтарға куә болар қайың да,
Өзің едің әр кез жоғым, барым да.
Саусағыңа тағам неке жүзігін,
Жүрегімді жүрегіңмен қабылда.

ҒАШЫҚТАР КҮНІ

Ағама жеңгем сай боп Құдай қосқан,
Екі жүрек лүпілдеп бірге соққан,
Екеуі де жырақта жүрсе-дағы,
Өмір бойы бір-бірін жырлап тосқан.

Сенім қалай аяқта тапталады?!
Сүйіп қалсаң бір сезім басталады.
Есте сақта ғашықтық іспен емес,
Шынайы боп жүректе сақталады.

Ұнатқанда толқиды тулаған бой,
Тынышталып қалардай шулаған ой.
Көзіңді салма дене бітіміне,
Сұлулық бетте емес жүректе ғой.





Төктіретін Алланың шапағатын,
Көрсетер адамзаттың парасатын.
Тағдырың маңдайыңа жазып берсін,
Киелі аққу құстың махаббатың.

Өмірде жалғыздықтың гүлі солсын.
Ғашық боп көңіліміз нұрға толсын.
Махаббаттың қадірін ұқтыратын,
Қозы Көрпеш - Баян Сұлу үлгі болсын.

Айтқызбай ғашықтықты көзбен түсін,
Ол жаралды өмірде өзің үшін.
Сезім жайлы қопарып отырғаным.
Қайран жастар ғашықтар күні бүгін.

ӘКЕТАЙЫМ

Әкетайым, өз балаңның көңіл сырын түсінесің
сен қашан?!
Тура кесіп ашық айтқан пікірімді ұғынбадың
ешқашан.
Жүрегімнің түкпіріне қарай алсаң есімің тұр
жазулы,
Ел алдында мәртебеңді еш құлатпай, тік
ұстаймын әрқашан.
«Турашыл бол, адал бол,»-деп өзің едің
тәрбиелеген балаңды,
Бірақ, сенің шыншыл балаң бетбақтықпен
шибөріге таланды.





ДОСКА СЫР

Өз елімнің көңілінен ақырындап шығып жатыр
ән-жырым.
Жарияланып кете барды өзіңнен де жасырылған
жан сырым.
Жұрт көзіне түскенім бе?! Ел сөзіне қала берді
бұл досың,
Даңқтымын ба?! Түсінбедім, түбегейлі өзгерді
ғой тағдырым.

Жас болсақ та, екеуіміз сауық-кештен кете
бардық алыстап,
Алдымызда еңбек ет деп өмір жолы жатқан еді
ғарыштап.
Ұмыттым ғой, біз, соңғы рет қашан бірге сыр
ақтарып отырдық,
Өткен күнді сағынамыз арманымыз жатқанымен
шарықтап.

«Бір жасарып қалдық қой,»-деп біздерге де күн
жеткен бе?! Ұқпадым,
Өзіліміз жарасатын достығымыз қайда кеткен?!
Ұқпадым.
Жұмыс, үй деп бұл өмірде түкте қызық
қалмағандай көрініп,
Досқа сыр деп, бос қиялдап өлең жазып
қаламымды ұштадым.





ӨЛЕҢ ЖАЗҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?! ТЫҢДА ДОСЫМ

Өлең жазу жеңіл боп көрінсе де,
Өлең жаз деп бүкіл ел өтінсе де.
Барлығы да жүрекке байланысты,
Ақын өзі жазғанға өкінсе де.

Өлең жазғың келе ме?! Тыңда досым,
Ең бастысы жүрекпен жырла досым.
Даңқ алсаң да, аңдымай от басасың,
Не қылсаң да бәріне шыда досым.

Кейде қоғам өзіңді түсінбейді,
Ақынсың деп сөзіңе жүгінбейді.
Жаның бұған қалайша күйінбейді?!
Тіпті, туған анаң да түсінбейді.

Өзіңе туғандарың жат болады,
Достар да өздерінше бас болады.
Мәні жоқ «сөйтпе», «бүйтпе» деген сөзден,
Қашан да нағыз ақын сақ болады.

Жар болатын қыз іздеп зырылдайсың,
Сұлулыққа тамсанып мың жырлайсың.
Махаббатқа бас иіп тұрсаң-дағы,
Әділдіктің жолынан жығылмайсың.

Үлкен қызға әпке деп қырындайсың,
Жұлдыз болып еліңе жымындайсың.
Күндіз-бала, түнде қарт, кешке ер боп,
Шабытты да әр қалай жырымдайсың.





Ақын болсаң, осындай өмір жалған,
Талай-талай жандардан көңіл қалған.
Өлең жазғың келе ме?! Тыңда досым,
Шибөрінің заманы ізін салған.

Айқара құшақ ашпас дарынсың деп,
Қадірлеп жатқанымен қарынсың деп.
Өлең жазғың келе ме?! Төзімді бол,
Ешкім де қадір тұтпас ақынсың деп.

КАСПИЙДІҢ АҚҚУЛАРЫ

Аққуды киелі деп бағалаймын,
Жүректі сүймеймін деп жаралаймын.
Сезімді қиялменен ықтап келсем,
Сенімді бір үмітпен паналаймын.

Адастырып жіберген ақ арманым,
Алып келді теңіздің ордасына.
Бақытымды іздеген арай таңым.
Тап қылғандай аққулар ортасына.

Өмірімді өзгертіп тастадым ба?!
Достықтан да қол үзе бастадым ба?!
Махаббаттың символы қос аққу деп,
Ғашық боп қалғанымды растадым ба?!

Бақытты шақ шылқытсын шекемізді,
Жалғыздыққа жібермей есемізді.





Бойда ұлы іңкәрлік тулап кетер,
Қиып берсе қарт Каспий некемізді.

Бәрі өтірік, өмірдің өзі жалған,
Еңлік-Кебек қосылмай естен талған.
Ғашықтықты махаббат алдайды да,
Адал көңіл, пәк сезім шетте қалған.

Сыйластық, түсіністік бағыт берсін.
Шын сүйген жүрегіме жалын берсін.
Каспийдің ұшып жүрген аққулары,
Өзімнің аққуымды тауып берсін.

ЖИЫРМА ЖАСТЫ АРМАНДАЙМЫЗ НЕСІНЕ?!

Бір сұлуға қарындас деп қырындап,
Бір орында тұра алмадым жыбырлап.
Сасып қалдым, көз қысқаным сол еді,
Ағатай деп майысады сыбырлап.

Қайран, жастық алыстадың ертерек,
Болсам дағы сезім үшін елгезек.
Жиырма беске толмай жатып шал болдык.
Қызығы жоқ, аға болу не керек?!

Арманымыз болғанымен көк теңіз,
Тұлпар уақыт шабысымен келеміз.
Ер жігіттің қызған шағы жиырма бес,
Қыздың жасы болғанымен он сегіз.





Асау жүрек іңкәрлікті іздейді,
Адал көңіл үміт жібін үзбейді.
Жалындаған жігіт болсақ, құрдасым,
Неге, қыздар аға дейді сіз дейді?!

Жиырма бірде бізге ақыл кірмейді,
Жиырма екі балалықты іздейді.
Жиырма жасты армандаймыз несіне?!
Ақымақ қыз бағамызды білмейді.

БІР ҚЫЗДЫҢ КҮНДЕЛІГІ

Естелікке жарай ма ашқан сырым?!
Даналыққа жарай ма жазған жырым?!
Жазып жүрген бір қыздың күнделігі,
Есімімді сақтай ма ай, тағдырым?!

Ақын болды бүгінгі лақап атым,
Ұстай алған ісінің парасатын.
Ақтарғанда бір қыздың күнделігін,
Жүрегіме төгеді шапағатын.

Күнделікке жазған соң әрбір күнін,
Әр адамзат тыңдайды жүрек үнін.
Оқығанда өткенің оралғандай,
Жарықтанып кетеді қара түнін.

Ойдың түбі толғанып қазылады,
Ұлы іңкәрлік нұр болып шашылады.
Өмір жолы құрылса бақ пен мұңнан,
Тірлік жасап күнделік жазылады.





Ермек емес, сүйікті ісі болса,
Жазған сайын сезімі нұрға толса.
Арпылысып тіршілік толқынында,
Қуат берер үмітің гүлдей солса.

Дүние жалған әркімге тамсандырған,
Жыл өтсе де, есіңнен қай күн шыққан?!
Тан қалдырған бір қыздың күнделігі,
Титтей қағаз есімім қалай сыйған?!





МАЗМҰНЫ

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ.....	3
ҚҰДАЙДЫҢ АМАНАТЫ.....	4
112.....	4
ІШКІ ЖАН-ДҮНИЕМДІ АҚПЕН БОЯ.....	6
ҚАРА НИЕТ.....	7
САМРАТТЫҢ ЖЫРЫ.....	8
АЛАШ АРЫСТАРЫНА-ТАҒЗЫМ.....	9
ТЕРБЕЙІН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАЛ БЕСІГІН.....	11
НАҒЫЗ ҚАЗАҚ БОЛУ ҮШІН.....	12
СОЛТҮСТІКТЕ ҚАЗАҚ ЖОҚ ДЕГЕНДЕРГЕ.....	14
КАСПИЙДІҢ ЖАҒАСЫНДА	16
АҚЫНДЫЛЫҚ.....	17
ӨЛЕҢ, ҚАРА СӨЗДЕРІМ КІМГЕ КЕРЕК.....	18
АҚЫН ЕМЕСПІН.....	19
ШАБЫТҚА.....	21
ӨСЕК ҚЫЛСА.....	22
ҚОҒАМҒА ҚАРАП КЕЛГЕН ОЙ.....	23
МАҒЫСТАУДЫҢ ПЕРЗЕНТІ	25
МАҒЫСТАУДЫҢ ТӨРИНЕ	26
БАРЫП ҚАЙТТЫМ.....	26
ТҮСІНЕ БІЛУ ҚАЖЕТ.....	28
КЕШІРУДІ ҮЙРЕНЕЙІН.....	29
ҚЫС ҚАҒАРЫ.....	30
БІР АҚЫН ҚЫЗҒА.....	31
ҮЛГІ БОЛ.....	32
АЛАҢФАСАР ЖІГІТПІН.....	33
САРЫШЫМШЫҚ.....	35
КӨКТАЙҒАҚ.....	36
ПЛАСТИКАЛЫҚ ОТА ЖАСАП ҚАЙТЕСҢ.....	37
АЛҒЫС АЙТАМ.....	38
КӨКШЕТАУ, ТАЗА АУАҢ ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ!.....	41





ШАЛҒЫ.....	42
ҚҰСТАР ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДЕ.....	44
СҮТ САЛМА.....	45
ТІС АУРУЫ.....	46
АЛАШТЫҢ АЛЫБЫНА.....	47
ХАДИША.....	48
ДОМБЫРА.....	49
ШАЛЫС ҚАДАМ.....	51
ХАЛ СҰРАСЫП ОТЫРАЙЫҚ.....	52
МҰХИТҚА БАРЫП КӨРЕМ.....	53
ҚАНАҒАТ.....	54
ЖҰМАХАН БОЛ.....	55
АҚТАУДЫҢ ТҮНІ.....	56
ЖУРНАЛИСТТЕР.....	57
ӘР КҮНІМНІҢ МӘНІ ЖОҚ.....	58
ЖИНАЛЫП ЖҮЗДЕН –ЖҮЙРІК,	59
МЫҢНАН ТҰЛПАР.....	59
ТАҒДЫР-АЙ.....	60
ҚЫЗҒАНШАҚ ӘЙЕЛДЕР-АЙ.....	61
ӘЙЕЛ ЗАТЫ ӨМІРДІҢ МАҒЫНАСЫ.....	63
ЕРКЕК –ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, ӨМІР МӘНІ.....	64
ҚЫЗҒАНБАЙТЫН ЕРКЕКТЕР.....	65
ҚЫЗЫЛЖАРЫМ.....	68
ЖАҢБЫРДАН КЕЙІНГІ ҚЫЗЫЛЖАР.....	69
ОН ҮШІНШІ МҮШЕМ.....	70
КҮНӘҒАР.....	72
ШӘМШІНІҢ СУРЕТІНЕ СЫР АШУ.....	73
ЕРІНБЕ, ДОСЫМ ЕҢБЕК ЕТ!.....	74
БІР ҚҰДАЙ ЖАЗСА.....	76
КІТАП ОҚЫ, ШЫРАҒЫМ.....	77
БИБІГҮЛ ТІЛЕУБОЛДИНОВАҒА.....	78
АДАМ БОЛДЫҚ ҰСТАЗДЫҢ АРҚАСЫНДА.....	80
БІР БӨЛКЕ НАН.....	81





ҚАР ЖАУМАЙ ТҰР	82
ПЕНДЕЛІККЕ САЛЫНБА.....	83
ҚОШ БОЛ, ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛЕГЕНІ.....	84
ҚОРҚЫНЫШСЫЗ ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ	86
ЕСІРІП КЕТКЕН ЕДІМ.....	87
ТАРАЗДЫҢ АЛТЫНБЕГІ	88
АҚПАНЫМ.....	89
ӨЗІңДІ САБЫРЛЫҚҚА ШАҚЫР, ДОСЫМ.....	92
КЕШ ЖАРЫҚ.....	93
КҮЛӘШ ҚАЙТА ОРАЛДЫ ОРТАМЫЗҒА.....	93
ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕКСЕНБІСІ.....	94
ШЕШЕ.....	96
ҰЛ ЕДІМ ҰҚСАҒАН ӨЗ АНАСЫНА.....	97
ӘКЕ, ТУҒАН КҮНІҢЕ СЫЙ БОП ТУҒАН ҰЛЫҢМЫН.....	98
ЕСІМІМДІ САМРАТ ДЕП НЕГЕ ҚОЙДЫ?!.....	99
ЕЛ СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРМЕ АНАШЫМ.....	101
АНА-АЛТЫН ҚАЗЫҚ.....	102
ҚОС ҚАНАТЫҢДЫ ҚАҚ, ҚЫРАН!.....	103
ЖҮЗІ – ЖАРҚЫН, ЖҮРЕГІ –НӘЗІК АРУ.....	105
СӨНДІРУЛІ НӨМЕРІҢ.....	106
ҰЙЫҚТА, СЕНІ ТЕРБЕТСІН ТҮНГІ АСПАН....	107
ЕҢ БАСТЫСЫ ІШКІ ЖАН ДҮНИЕҢ СҰЛУ.....	108
КҮЗГІ ҒАШЫҚ ЖАННЫҢ СЫРЫ.....	109
СҰЛУ БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?!.....	110
КЕШКІ ҚАЛА.....	110
МАХАББАТ АУЫЛЫ.....	111
ЕСІМНЕН ШЫҚ.....	112
ХАБАРЛАМА ЖІБЕРМЕ.....	113
ҚАЙ ЖЫЛҒЫ ҚҰРДАСЫҢЫЗ.....	114
БҰРЫҢҒЫ МАХАББАТЫМ.....	115
ЕКЕУМІЗДІҢ АТЫМЫЗДАН БІР ӨЛЕҢ.....	116
БІР ЖҮРЕКТЕ БІР АДАМ.....	117





МҰҒАЛІМГЕ ҒАШЫҚ ҚЫЗ.....	118
ИНСТГРАМДА ОТЫРАТЫН АРУҒА.....	119
ӨТКЕНГЕ ҰҚСАМАЙЫҚ.....	120
ЖАЗСАМ, ЖАУАП БЕРМЕЙСІҢ	121
НЕ СЕБЕПТІ.....	121
КҮЛКІҢЕ ҒАШЫҚ БОЛЫП ТАМСАНАМЫН.....	122
БІЗГЕ БЕРСЕ КИНОНЫҢ МАХАББАТЫН.....	123
ЕКЕУМІЗГЕ АРНАЛҒАН ӘН БЕ ОСЫ.....	124
ГҮЛДЕН.....	125
СЕНІҢ АТЫҢ ЖАЗУЛЫ ЖҮРЕГІМДЕ.....	126
ЖҮРЕГІМДЕ МӘҢГЛІК САҚТАЛАСЫҢ.....	127
ТІЛІМ-ШОРҚАҚ БОЛСА ДА, ЖҮРЕК ІҢКӨР....	128
СҮЮ ҚАЖЕТ.....	129
НЕГЕ СОНША ҒАШЫҚПЫН?!	
ТҮСІНБЕЙМІН.....	130
ІҢКӨР ЖҮРЕК.....	131
СЕНДЕ КӨКТЕМ, МЕНДЕ ҚЫС.....	132
ЖҮРЕГІМДІ ЖҮРЕГІҢМЕН ҚАБЫЛДА.....	133
ҒАШЫҚТАР КҮНІ.....	134
ӘКЕТАЙЫМ.....	135
ДОСҚА СЫР.....	137
ӨЛЕҢ ЖАЗҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?!.....	138
ТЫҢДА ДОСЫМ.....	138
КАСПИЙДІҢ АҚҚУЛАРЫ.....	139
ЖИЫРМА ЖАСТЫ АРМАНДАЙМЫЗ НЕСІНЕ?!.....	140
БІР ҚЫЗДЫҢ КҮНДЕЛІГІ.....	141



Редакторы: Жан Уатханова
Дизайнер: Айжан Алмағанбетова
Автордын суретін түсірген: Дамир Рахметов

«ЖАСЫН» шығармашылық орталығы
010008, Астана қаласы, Құдайберді көшесі 17
Тел: 8701 285 46 37

Басуға 01.06.2018 ж. қол қойылды
Пішімі 70х90 1/16. Шартты баспа табағы 7.0
Тапсырыс № 23



Қүскенов Самрат Дулатұлы

1996 жылдың 28-маусымында Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында туған.

7 жаста тілі кеш шықты. 9 жаста өлең жаза бастады. Өлеңдері "Ауыл арайы", "Қызылжар нұры" газеттерінде, "Тұран-Астана-менің шабытым" өлеңдер жинағында жарияланған. 2002-2012 жылдар аралығында Амангелді негізгі мектебінде, 2012-2014 жылдар аралығында №2 Благовещенка орта мектебінде интернатта тұрып білім алды.

М. Жұмабаев атындағы Петропавл қалалық гуманитарлық колледжінде 2014-2016 жылдар аралығында алеуметтік жұмыс мамандығы бойынша кәсіптік білім алды. Жамбыл аудандық Махамбет, Абай, Мағжан, Мұқағали оқуларының жүлдегері. "Жарқын болашақ" олимпиадасында қазақ тілі пәні бойынша қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Сафуан Шаймерденовтың 90 жылдық мерейтойында ұйымдастырылған ақындар мұшайрасының жеңімпазы. Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбайдың шығармашылығын насихаттау барысында ұйымдастырылған "Аңызға айналған абыз" республикалық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауына қатысып алғыс хатпен марапатталды. 2016-2017 жылдары Жамбыл аудандық "Ауыл арайы" газетінің тілшісі, 2017 жылы "Молпродукт" ЖШС-нің жүк тасушысы болды.

Жыр аққуы Марфуға Айтқожина сенім артып жүрежарды лебізін жолдады, айтыскер ақын Ринат Зайытов ақ батасын берді.

